

<p>Бас редакторы:                  Даукенова Айдана                  Даукенқызы                  Редакция алқасы:                  Орынбаева М. М.</p> <p>Редакция мекен-жайы:                  Алматы қаласы</p> <p>Редакция телефоны:                  8 707 321 53 44                  e-mail:  <a href="mailto:Zhurnalprint.kz@mail.ru">Zhurnalprint.kz@mail.ru</a></p> <p>Куәлік                  Журнал                  Қазақстан                  Республикасы                  ақпарат және                  коммуникация                  министрлігі                  бұқаралық ақпарат                  құралдары                  саласындағы                  мемлекеттік                  бақылау комитеті                  №16422 – Ж                  куәлігі берілді.</p> <p>Айына 1 рет қазақ                  және орыс тілінде                  шығады.</p> <p>Теруге 05.04.2023ж                  берілді                  Басуға 05.04.2023ж                  қол қойылды                  Таралымы 1000 дана</p> <p>Журнал  <b>ЖАРҚЫН                  БОЛАШАҚ</b>                  баспаханасында                  басылды.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Мазмұны</b></p> <p><b>Жабыкбаева Р. А.</b> STEAM оқыту жағдайындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымының дамытушы пәндік кеңістік ортасы.....2</p> <p><b>Сейтқасымова Ұ. А., Құдабаева П.</b> Features of the formation of lexical skills of speaking in a foreign language.....4</p> <p><b>Найманбекова Н. Ж.</b> Ұсақ моторикаға арналған жаттығулар.....6</p> <p><b>Билисбекова С. О.</b> Тіл дамыту сабағына арналған дидактикалық ойындар.....11</p> <p><b>Бейсбекова А. С.</b> Ойлау .....16</p> <p><b>Тотекина Н. А.</b> Халықтар достығы туралы шығарма.....19</p> <p><b>Аюбекова К. А.</b> Использование пословиц и поговорок для развития речи на уроках русского языка и чтения.....21</p> <p><b>Казбекова Г. А.</b> Өзінді тексер!.....24</p> <p><b>Айтжанова Г. А.</b> Физика пәні бойынша инклюзивті білім беру.....26</p> <p><b>Есиркепова С. Б.</b> «Қазіргі заман талабына сай білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолдары».....29</p> <p><b>Боранбаева М. Ф.</b> Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқытудың белсенді әдістері.....35</p> <p><b>Садыкова К. К.</b> «Бауырсақ» ертегісі.....37</p> <p><b>Степанова А. В.</b> Открытое занятие «Путешествие в гости с Моаной».....39</p> <p><b>Қурашева Ш. Н.</b> Тема: «Дикие животные».....42</p> <p><b>Қанат Ә. Қ.</b> Past simple of regular verbs.....47</p> <p><b>Бердалиева С. Е.</b> Работа и мощность электрического тока. Тепловое действие электрического тока закон Джоуля – Ленца.....50</p> <p><b>Садуақасова А. Қ.</b> Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары.....55</p>
--	---

# STEAM ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ДАМУШЫ ПӘНДІК КЕҢІСТІК ОРТАСЫ




Алматы облысы  
Балқаш ауданы, Бірлік ауылы  
"Толғанай" балалар бақшасы  
балабақша меңгерушісі  
Жабыкбаева Роза Абдвалиевна

*Мектеп жасына дейінгі баланың негізгі үш қажеттілігі бар.*

*Қозғалыста, қарым - қатынаста, танымдық.*

Білім беру жүйесінің алғашқы қадамы мектепке дейінгі ұйым, балабақша болғандықтан тәрбиешілер мен жетекшілерге жауапкершілік жүктеледі. Мәдениетті, ұқыпты, білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін білім саласы ұстаздарға жаңа міндет қойған болатын. Сондықтанда әр педагог өзінің білімін жетілдіріп, іздену қажет. Дарынды, білімді, тәрбиелі тұлға қалыптастыруда біздің бөбекжайымыз білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгертудеміз. Шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған балабақша педагогтарының STEAM оқыту жағдайындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымының топтарда заттық дамытушы орта құруға негіз болатын теориялық білімдерін жетілдіруге арналған жоба жасақтап жұмыстанудамыз. Баланың толық қанды дамуына заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатының өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін әртүрлі материалдан құралған заттық дамытушы орта жасақтау тәрбиешінің міндеті. Ол үшін басшылық тарапынан мектепке дейінгі білімнің жаңару жағдайында тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

STEAM оқыту жағдайындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымының ескере отырып, балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруға негіз болатын заттық-дамытушы ортаны жобалауға теориялық және практикалық тұрғыда толыққанды дайындықты қамтамасыз ету. Балабақшаның жас ерекшелік топтарына сәйкес заттық-дамытушы ортаны жобалау және болжам жасау біліктілігін қалыптастыру жұмыстары жүктелген.



STEAM оқыту жағдайындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымының дамытушы пәндік-кеңістік ортаны құру кезінде келесідей қағидаттарды басшылыққа алу қажет: ортаның жартылай функционалдылығы: заттық-дамытушы орта көптеген мүмкіндіктерді ашып, тәрбиелеу-білім беру үдерісінің барлық құраушыларын қамтамасыз етуі тиіс, осы мағынада көпфункционалды болуы; ортаның жартылай функционалдылығымен байланысты оның түрленуі – бұл жағдай бойынша

бірінші орынға кеңістіктің қандай да бір функциясын шығаруға белгілі бір кеңістікке функцияны бекітетін монофункционалды зоналауға қарағанда мүмкіндік беретін өзгеру мүмкіндігі заманауи білім беру үдерісінің сипатына педагог-практиктермен дайындалатын ортаның нақты нұсқалары, түптұлға ретінде мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері үшін модельдік нұсқаларды нақтылайтын заттық-дамытушы ортаның өзекті жобасы ұсынылады.

Балалардың өз бетімен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру үшін төмендегілердің болуын қарастыратын пәндік кеңістік ортаны құру қажет: дамытушы ойындар; спорт құралдары, заманауи ойыншықтар, ойын зонасы, эксперимент жасау бұрышы, табиғат бұрышы, шығармашылық атрибуттар.

Топтық кеңістік шартты түрде үш зонаға бөлінеді:

- - тыныш: оқу, кітап бұрышы;
- - орташа қарқынды: театрланған, музыка, құрастыру зонасы;
- - қарқынды қозғалыс зонасы: спорт бұрышы.

Топтар кеңістігі аясында шартты түрде баланың барлық қызығушылықтарын қамтитын ойын және тақырыптық зоналарды атап көрсетуге болады: Денсаулық, театрланған зонада, кітапхана бұрышы, танымдық даму зонасы, құрастыру зонасы, көркем-эстетикалық даму зонасында, экологиялық тәрбиелеу зонасында. Әлеуметтік серіктестіктер

Нәтижелі білімге қол жеткізу үшін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану, жұмыстану нәтижесінде жүргізіледі. Онда педагогтермен: бағдарлама жасақтау; біліктіліктерін арттыру; әдістемелік жинақтар дайындау бағытында, ата-анамен: ата-аналар мен балалар бірігіп орындайтын жобалар жасау бағытында, балалармен: сыни ойлау арқылы ойынның түрлерін еңгізу, тыңдалым, айтылым арқылы сұрақ-жауап түрлерін қолдану бағытында жүзеге асады.

Өзгерістердің тиімділігін бағалау және өзгерістерді жоспарлау бойынша қортындылар жасай отырып, оның ұтымдылығын шығарып, күтілетін нәтижесін көруге болады.

Ұтымдылығы: Педагогтердің жаңа үрдісті меңгеруі, балалардың білім деңгейлерінің толықтырылуы, ата-аналардың жақсы бағытта қабылдауы.

Күтілетін нәтижесі педагогтердің өз тәжірибиесінде қолдана алуы, балалардың оң нәтиже көрсетуі, ата-аналардың бөбекжаймен байланысының нығайуы.

Мектепке дейінгі ұйымда дамытушы орта кеңістігін ұйымдастыру әр баланың өзінің дамуына, отбасының, оның тұрмысының, мәдени таңдаулардың ықпалын сезінеді.

### **Түйін сөз**

Мектепке дейінгі баланың жеке басын және танымдық процестерін дамыту, қарым-қатынас дағдыларын және тұтастай алғанда айналадағы әлеммен өзара іс-қимылын қалыптастыру баланың даму ортасын ұйымдастырумен тығыз байланысты.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. [А.Қ. Тусупова. Балаларды ерте жастан дамытуға арналған заттық -дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2015]
2. [«Бала мен балабақша» республикалық педагогикалық журнал №11, 2011]
3. [«Мектепке дейінгі білім-тәрбие әдістемесі» №1, 2015]
4. [«Балдырған» бағдарламасы жоспар 2013 ж]

## ***FEATURES OF THE FORMATION OF LEXICAL SKILLS OF SPEAKING IN A FOREIGN LANGUAGE.***



***М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік Университеті  
Кафедра Әлем тілдері  
Мамандық Шетел тілдері мұғалімдерін даярлау  
Сейтқасымова Ұлжалғас Абсадыққызы  
Жетекшісі  
Перизат Құдабаева***

**Annotation:** *This article discusses the formation of lexical skills of speech activities (listening and speaking, reading and writing) in the middle and older stages of learning a foreign language. As the vocabulary means an essential component of speech activity in language system it determines its important place in each language class, establish and improve vocabulary skills are constantly in the field of view of the teacher. We hope this material can serve as a manual for teachers.*

**Key words:** *communicative competence, speech activity, speaking, listening, writing, vocabulary, monologue and dialogue speech, vocabulary, oral language.*

An analysis of the lexical skills of different types of speech activity shows that they have a certain hierarchical structure. In these structural formations, it is possible to distinguish common, different and specific operations, which form the basis of lexical skills. The set of such operations depends on the type of lexical skills, on the type of speech activity, where they function as semantic components. Lexical skills are strong and stable if the work on them is carried out in a relationship and in a system. The strength and stability of lexical skills is influenced not only by the nature of the interaction of skills among themselves, but also by the nature of the interaction of lexical skills with others (phonetic and grammatical). The set of lexical operations in the structure of each type of lexical skills should be supplemented by one more type of operations. These are intellectual operations - "actions in the mind." Such operations are performed without relying on any external means. They are performed in the mind, mentally. Intellectual actions, with the help of which knowledge about a foreign word is acquired, contribute to the mental development of students. On their basis, in addition, there is an accumulation of a certain fund of mental actions and techniques that are so important at the stage of conceptualization. The stage of conceptualization is the beginning of work on the word. Primary (sensory) information about a foreign word is accumulated here. Many methodologists and practicing teachers underestimate the importance and importance of this type of information for the successful formation of the lexical foundations of various types and forms of speech.

The formation of lexical skills is associated not only with the creative use of what has been learned, but also with the transfer of material to other conditions of functioning.

Along with the development of lexical skills of a productive and receptive nature, lexical competence is emerging - the ability of students to determine the contextual meaning of a word, compare its volume in two languages, and identify in it a specific national characteristic of the culture of the people who speak this language.

A skill is defined as a method of action that has been strengthened through exercise, as an action that is performed by a person without the participation of consciousness, that is, automatically.

Now let's move on to the consideration of the features of the formation of lexical skills of speaking in a foreign language. The knowledge and possession of a word is traditionally understood as its instantaneous recognition, i.e. the ability to call a word from memory and the correct use of this vocabulary

in combination with other words in a situation. What does it mean to master the word? This means mastering its meaning, form (its sound and visual image), its ability to enter into connection with other words (semantic, grammatical), while the latter is not always motivated. This means mastering word formation, inflection and the use of words in speech, i.e. in certain types of offers.

Thus, the student must:

- 1) Understand and remember a foreign word, its meaning, sound and graphic forms;
- 2) choose it to solve a specific communicative task in a specific communication situation;
- 3) Be able to use it in speech in combination with other words.

At the same time, it is essential that when teaching the lexical side of speaking (writing), we go from content to form and use; when teaching the lexical side of listening and reading from form to its use to meaning.

The content of teaching vocabulary for its use in oral speech is the specified volume of lexical units correlated with the subject and subject to assimilation, as well as actions:

1. By revealing the meaning of a word, its semantization (guess, word-formation component, by context, search for a word in a dictionary);
2. By capturing the form of the word - sound and graphic (pronunciation, writing);
3. By maintaining it in long-term memory and ensuring durable storage there (semantic grouping of vocabulary, word-formation grouping);
4. By its rapid call and actualization (this is a reaction to external verbal and non-verbal stimuli, as well as to internal stimuli - a thought);
5. By the use of the word both paradigmatically and syntagmatically (this is a combination with other words at the level of a phrase and a whole sentence);

In connection with the above, it should be assumed that the general content of the comparative study, in the conditions of Dagestan multilingualism, based on a personality-oriented approach, is aimed at establishing several provisions for modern psychological and pedagogical science. One of these provisions should be considered the specific practical goals of teaching a foreign language in general and each individual lesson in particular are subject to the central task of general education - the task of forming, developing, educating a student as a socially active, morally clean, convinced, independently able to set educational goals and seek their personality solution.

### ***REFERENCES:***

1. Galskova N. D. «Modern methods of teaching foreign languages». — Moscow, 2003
2. Kuvshinov V. I. «Work with the vocabulary of the English language in the classroom». — № 4, 2002
3. Marchan N. B. «On some methods of increasing the efficiency of the study of vocabulary». — № 5, 2004
4. Passov E. I. «Communicative speaking foreign language teaching method». — Moscow, 1985
- Tsetlin V. S. «Work on the word». — № 3, 2002

## ҰСАҚ МОТОРИКАҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР



*Жетісу облысы*

*«Талдықорған қаласының облыстық 2 мектеп-интернаты»КММ*

*Педагог-дефектологы*

*Найманбекова Назым Жанәділқызы*

### Қол саусақтарына арналған жаттығулар



Саусақтарыңызды жұдырыққа бүгіп, қолыңыздың буынымен оңға қарай, кейін солға қарай айналма қозғалыс жасаңыз. Әр бағытқа 10-20 реттен.



Қол буынын астыға-үстіге бүгіңіз.



Бір дегенде – бар күшіңізбен саусақтарыңызды жұдырыққа түйіңіз, екі дегенде – жан-жаққа тарбитыңыз.



Саусақтарыңызды жазып, бас бармағыңызбен алдымен оңға қарай, кейін солға қарай айналма қозғалыстар жасаңыз.



Саусақтарыңызды жайыңыз. Саусақтарыңыздың бастапқы екі бөлігін алма-кезек бүгіп, жайыңыз.



Шынашақтан бастап, әрбір саусағыңызды кезекпен жұдырыққа бүгіңіз. Кейін бас бармақтан бастап, сол жаттығуды қайталаңыз.



Жұдырығыңызды түйіңіз. Әр саусағыңызды бүгіп, ашыңыз. Бас саусақтарыңыз жұдырыққа түюлі болғанын қадағалаңыз.



Қолыңызды үстелдің үстіне қойыңыз да әр саусағыңызды кезекпен көтеріңіз. Бір саусақты көтергенде, басқа саусақтарыңыз қозғалыссыз жатуын қадағалаңыз.



Бас бармағыңыз білекке жеткенше буыныңызды бүгіңіз. Оң және сол қолмен алма-кезек жасаңыз.



Қол буындарыңыздың саусақтарын алақандарыңыз жанаспайтындай етіп бір-біріне қысып ұстаңыз. Саусақтарыңыз бір-бірінен алшақтап кетпейтіндей серіппе қимылдар жасаңыз.

### Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.

**Мақсаты :** қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.

А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.

Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.

В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.

Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.

#### **«Санамақ» ойыны.**

**Мақсаты :** кіші моториканы және сөйлеу ырғағын дамыту.

Бір, екі, үш, төрт, бес,

Анаммен сурет саламын , ( алақанды жұмып ашады)

Міне басы, міне іші ( қолды шеңбер жасап айналдырады)

Аяқтары, қолдары, көздері ( қолымен кішкентай және үлкен шеңбер салу)

Аузы, сақинадан жасалған ( ауада сақинаны салу)

Әдемі шашы да бар ( қолдарын екі жаққа ашады)

Оң қолымда бес саусақ (оң қолының саусақтарын көрсету)

Сол қолымда бес саусақ (сол қолдың саусақтарын көрсету)

Бәрін қоссақ – он саусақ (екі қолының саусақтарын қосу)

Оң аяқпен секіремін (екі аяқпен кезек секіру)

Сол аяқпен секіремін (орында жүру)

#### **«Фигураларды құрастыр» жаттығуы.**

**Мақсаты :** қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.

Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есептік таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық фигураларды жасап шығару керек.

Төмендегідей тапсырмалар беріледі

Төрт таяқшадан шаршы құрастыру;

Үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру;

Үй құрастыру;

Жалауша құрастыру;

Жұлдызша құрастыру;

#### **"Анама арналған моншақтар".**

**Мақсаты:** ұсақ саусақ моторикасын дамыту

**Әдістемелік ұсыныстар:** Оқушы мұғалімнің көмегімен бір саусаққа – қызыл түсті, екіншісі – сары, үшіншісі – жасыл акварель бояуын жағып, кезекпен кезек алдын ала сызылған шеңберге моншақ тәрізді басады .Осылайша қағазда түрлі-түсті «моншақ» пайда болады.

Зиятында ауытқуы болған қандай да бір саусақ ойынын жетік меңгерсе, бала бір қолмен ойналатын саусақ ойындарын жақсы қабылдайды. Қабылдау мүмкіндігіне байланысты балалар екі қолмен ойналатын саусақ ойындарын игере алады. Мысалы, бір қол үйшік те, екінші қол үйге жүгіріп келе жатқан мысық болуы мүмкін. Ақыл-ой деңгейіне байланысты балалар белгілі бір көріністі саусақ арқылы сахналай алады. Саусақ жаттығуларын сергіту жаттығуларына, ертеңгілік жаттығулар, барлық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері үстінде үнемі жүйелі пайдаланудың нәтижесінде балалардың тілі, қимыл- қозғалысы мен икемділігі айтарлықтай дамиды.

### **Қабылдау қабілетін дамытуға арналған ойындар.**

#### **«Ине мен жіп»**

Жүргізуші: мен ине боламын, ал сендер жіпсіңдер.

Сендер менің артымнан бір - бірлеріңнің белдеріңнен ұстап тұрыңдар. Қазір бәріміз алдымызда тұрған кедергілер арасынан үзілмей жүгіреміз. Кім жіпті үзсе сол ойыннан шығады.

**«Бұл қашан болады?»**

Жыл мезгілдеріне байланысты суреттер көрсетіледі. Сол суреттер ішінен керек суретті көрсетіп әңгімелеп береді.

Кесте, құрал - жабдықтармен жұмыс

1. Айлардың аттарын ата;
2. Жыл мезгілдерін түстерге сәйкес ата;
3. Әр мезгілде неше ай бар?
4. Бір айда неше апта бар?
5. Қазір қандай жыл мезгілі және қандай ай?

#### «Не үлкен?»

Отырған балаларға жүргізуші сұрақ қояды. Орындықтан не үлкен? Балалар кезекпен заттарды айтады. Ойын ойнаған кезде жүргізушіге атаған заттарды қайтадан айтуға болмайды және балаларға қайталауға болмайды. Кім екі рет шатасса, ойыннан шығады. Жеңімпаз бала жүргізуші болады.

#### «Сиқырлы қапшық»

Балаларды шеңбер жасай отырғызып жүргізуші олардың алдындағы кішкентай үстел басына отырады. Үстелдің басында сиқырлы қапшық тұр. Ішінде әртүрлі ұсақ ойыншықтар. Балаларды кезекпен шақырып қапшықтың ішіндегі екі бірдей затты тауып алуды талап етеді. Мысалы: екі доп, екі машина, т. б. Балалар қолымен заттарды сипап бірдей затты тауып алған соң сипаттап айтады. айтқанын тексеру үшін заттарды сыртқа шығарады, ойын осылайша жалғасады

### Есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ойындар.

#### «Төрт құбылыс»

Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші: «Су», - десе қолдарын алдына созады, «ауа» десе жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады, «жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса, ойыннан шығады.

#### «Көңілді шеңбер»

Балалар шеңбер жасап отырады. Бір - біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі бергенде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған балаларға әр түрлі заттарды қыстырып қояды (гүл, орамал, көзілдірік, т. с. с.). Балалар көздерін ашқанда не өзгерді? – деп сұрайды. Ең зейінді балаға сыйлық беруге болады.

#### Орнынды тап.

Балалар шеңберге тұрады. Әр бала өзінің жанындағы баланы есінде сақтап, қарап алуы керек. Жүргізушінің бірінші белгісі бойынша, бөлменің жан - жағына тарап кетеді ( белгі: шапалақтау, барабанмен беріледі). Екінші белгі бойынша шеңберге бастапқыда қай орында, кімнің қасында тұрғанын есінде сақтап, қайта шеңбертүзеді. Өз орынын таппаған балалар ойыннан шығады.

#### «Бақшаға саяхат»

**Мақсаты:** Қол саусақтарының жұмысқа деген қабілетін дамыту, үлкен адаммен бірлесіп жұмыс жасау қабілетін арттыру.

**Барысы:** Бақшадағы өсетін жемістер мен көкөністер туралы түсінік беру. Сурет арқылы әңгіме жүргізу.

- Мына суретте не көріп тұрсың?
- Бұл қандай мезгіл?
- Суретте балалар не істеп жатыр?
- Сен үйде осындай жұмыстарға көмектесесің ба?
- Түрлі-түсті қағаздан бақшаның сұлбасын жасау. Мұғалім қағаздарды қиып береді, бала болса оларға желім жағып жабыстырады

#### «Алмалар»

**Мақсаты:** Қол саусақтарының ұсақ маторикасын дамыту

**Барысы:** Бақшадағы өсетін алма жайлы мәліметтер беру.

- Алма қайда өседі?
- Оның қандай түрлері бар?



- Қандай түсті алмалар болады?
- Дәмі қандай?
- Ия, алма ағаштың басында өседі. Қазір біз сенімен соны жасаймыз. Түрлі-түсті қағаздан мұғалім ағаштың бейнесін кесіп береді, бала оны жапсырады. Ағашты жасап болған соң оған қызыл түсті қағаздан алмалар қиып алып жаспыру. Баланың жұмысты тиянақты, толық орындауына назар аудару.

### «Таяқшалардан тышқан жасау»

**Мақсаты:** Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту  
Оқушыға таяқшалар (шырпы) беріледі, Суретке қарай отырып кезек кезек таяқшаларды екі қолымен орналастырады.

#### «Тиындар»

**Мақсаты:** Жалпы қозғалысын дамыту, мәтін бойынша қозғалуға үйрету

Жұмбақ

Қырда жүрер жортып,

Іні де жоқ бармайтын.

Құйрығымен бұлтартып.

Қандай аң ол алдайтын.

(Суретін бояу)

#### «Түстер әлемі»

**Мақсаты:** Гуашь, акварели бояуымен эксперимент жасауға мүмкіндік тудыру. Алақанымен таза, абайлап жұмыс істеуге үйрету



### Таяқшамен жұмыс «Тырнарлар»

**Мақсаты:** Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту.

Көк жүзінде жылжып жай,

Керуен құрған тізіліп,

Ілгек-ілгек шынжырдай,

Қалмайды олар үзіліп? (Тырна)

#### «Кірпі» жаттығуы

Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)

Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).

Кіріп кетсе қолыңа,

Өкпелеме жарайма!

#### «Достық» жаттығуы

Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді)

Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)

Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)

Қайтадан санауды бастаймыз.

Бір, екі, үш, төрт, бес

Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).

#### «Қимылды қайтала» жаттығуы

**Мақсаты :** қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.

### Жаттығу барысы :

Жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді. ( кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек.

### Саусақ жаттығулары

**Шынжыр.** Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.

**Піл :** оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.

**Доп:** алақандар бір-бірімен жабысады. ( доп пішінін жасайды).

**Гүл :** қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады.

Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады.

Саусақтар шынжыр болады,

Үзілмейді тартсаң да,

Ал, піл келіп шынжырды,

Үзіп кетті басқанда.

Тұмсығымен доп іздеп,

Ойнағысы келіп тұр.

Достық үшін пілге мен,

Гүл сыйлағым келіп тұр.

### Саусақтар жүреді :

Екі саусақпен 5-ке дейінгі тура және кері санап, алға-артқа жүру.


**Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу. Мақсаты :** қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.

А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.

Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.

В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.

Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.



## ТІЛ ДАМУ ТУ САБАҒЫНА АРНАЛҒАН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР



*Жетісу облысы*

*«Талдықорған қаласының облыстық 2 мектеп-интернаты» КММ*

*Педагог-логопед*

*Билисбекова Сымбат Омирболовна*

### 1.«Қатты-ақырын-сыбырлап»

**Мақсаты:** Балаларға қатты,сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету.

**Ойын барысы:** Ойынға 3-5 бала қатысады: тәрбиеші балаларға бір сөзді айтады: оны балалар қатты дауыспен,ақырын дауыспен және сыбырлап айтуы керек

### 2.«Тез-ақырын»

**Мақсаты:**Балаларға тақпақтарды,жаңылтпаштарды тез жән ақырын айтуға үйрету.

**Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға бір сөзді,тақпақты немесе жаңылтпашты айтады. Балалар соны тез және ақырын қайталап айтуы керек.

### 3.«Аттар тұяқтарымен тарсылдатады»

**Мақсаты:**Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «р» дыбысын анық айтуға жаттықтыру.

**Көрнекіліктер:** Аттар суреті және ойыншығы.

**Ойын барысы:** Тәрбиеші « аттар жолда жүргенде тұяқтарымен тарсылдатады» (тілмен таңдайын қағып көрсетеді) балаларға да тілдерімен таңдайларын тақылдатып қағуды ұсынады. Балалар тілдерімен таңдайларын қағып дәл аттардың жүргенде тұяқтарымен тарсылдатып жүргенін салады « аттар тұяқтарымен тарсылдатады»

### 4.«Шарды үрле»

**Мақсаты:** Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** Шарлар.

**Ойын барысы:** тәрбиеші балаларға шар таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек.

### 5.«Сабын көбіктері»

**Мақсаты:** Балаларды дұрыс тыныс алуға үйрету.

**Ойынның құрал жабдықтары:** сабын көпіршіктері.

**Ойын барысы:** тәрбиешә балаларға сабын көбіктерін таратып береді. Ойынға 4-5 бала қатысады.модан балалар дұрыс тыныс алып көбіктер шығаруы керек. Ойын осылай жалғасады.

### 6.«Құс мамығын үрле»

**Мақсаты:** балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** құс мамығы.

**Ойын барысы:** тәрбиеші балаларға құс мамығын таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек.

### 7.«Ақшақарлар ұшады»

**Мақсаты:** Сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** ақшақарлар.

**Ойын барысы:** тәрбиеші балаларға қағаздан жасалған ақшақарларды таратып береді. Балалар ауыздарын демге толтырып, дем шығарғанда ақшақарларды үрлеп ұшырады..

### 8.«Шар жарылды»

**Мақсаты:** Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «ш» дыбысын анық айтуға жаттықтыру.

**Ойын барысы:** балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады:

Көпіре гөр көбік шар,

Көпіре бер кеңіп-шар.

Осы күйі қал тұрып,

Кете көрме жарылып.

Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші «шар жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен: «ш-ш-ш»-дейді тізерлеп отыра кетеді.

### 9.«Жаңылтпаштар»

**Мақсаты:** балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға үйрету.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** жаңылтпаштар

**Ойын барысы:** тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек.

### 10.«Не дыбыстайды?»

**Мақсаты:** балалардың ненің қалай дыбыстайтынын білуі, айтуы керек.

**Ойын барысы:** топта не дыбыстайтынын айтып беру. Сипаттау арқылы балалар не дыбыстайтынын табуы тиіс.

### 11.«Әртүрлі сөздерді жинақта»

**Ойынның мақсаты:** Сөздің бірінші және соңғы дыбысын ажыратып үйрету.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** Заттық суреттер

**Ойынның мазмұны:** Бірінші суретті орналастырады, содан кейін соның соңғы дыбысына басталатын суретті қояды т.с.с жалғастырады. Ара- алма- автобус-сабын- нан...

### 12.«Берілген дыбыспен сөздерді ата»

**Ойынның мақсаты:** берілген дыбысқа сөз ойлап табу үйрету. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.

**Ойын барысы:** тәрбиеші кез келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.

**Мысалы:** А – болса:

**Балалар:** Ай, алма, алмұрт, асқабақ, т.б.

### 13.«Газша балаға дыбыстарды айтып жібер»

**Ойынның мақсаты:** «ж», «з» дыбыстарын айтып жіберу.

**Ойынның мазмұны:** Тәрбиеші балаларға «ж», «з» дыбысынан басталатын сөздерді табуға сұрайды.

### 14.«Сөздер ұқсас дыбыс шығарады ма?»

**Ойынның мақсаты:** ұқсас дыбыстарды ажырата білуге үйрету.

**Ойынның мазмұны:** Тәрбиеші балаларға ұқсас дыбыстарды айтады және сол ұқсас дыбыстарды балалар сөздерден табуы керек. Ойын сонында балалар сөздер ұқсас дыбыс шығара алады деген қорытындыға келеді.

### **15.«Міне, осылай дыбыстарды атайды»**

**Ойынның мақсаты:** дыбыстарды дұрыс әрі нақты айтуға үйрету

**Ойынның мазмұны:**Тәрбиеші балаларға кез келген дыбыстарды айтады. Ойынға қатысқан балалар сол дыбыстарды анық әрі дұрыс айтуы керек.

### **16.«Дыбысталатын сағат»**

**Ойынның мақсаты:** дыбысталатын сағаттарды тілмен дұрыс көрсете білуге үйрету.

**Ойынның мазмұны:**Тәрбиеші балаларға дыбысталатын сағаттың дыбысын естіртеді, балалар оны қайталайды.

### **17.«Жаңғырық»**

**Ойынның мақсаты:** Жаңғырықты ауызбен айтуға үйрету.

**Ойынның мазмұны:**Тәрбиеші екі затты соғып жаңғырықты балаларға естіртеді, соны ауыздарымен жасап қайталайды.

### **18.«Таза айту»**

**Ойынның мақсаты:** Сөздерді таза айтуға үйрету.

**Ойынның мазмұны:**Тәрбиеші балаларға қиын, тілі келмейтін сөздерді айтады,балалар соны қайталайды. Мысалы:ракета,шкаф...

### **19.«Сендердің тілектерің – біздің тілегіміз»**

**Ойынның мақсаты:** Грамматикалық сөздің құрылысын қалыптастыру

**Ойынның мазмұны:**Тәрбиеші өзінің тілегін айтады,балалардан өз тілектерін айтуларын сұрайды.

### **20.«Кімнің үйі?»**

**Ойынның мақсаты:**Кімнің қайда тұратынын ажырата білу

**Ойынның құрал-жабдықтары:**үйдің,апанның, ұяның,тиіннің інінің суреті

**Ойынның мазмұны:**Тәрбиеші балаларға сурет арқылы кімнің үйі екенін тауып көрсетуін сұрайды.

### **21.«Кімде не бар?»**

**Ойынның мақсаты:**Заттардың атын дұрыс атай білуді үйрету.

**Ойынның құрал-жабдықтары:**қолдарында заттары бар жануарлардың суреттері

**Ойынның мазмұны:**Суретте бейнеленген жануарлардың немесе ойыншықтардың қолында қандай зат бар екенін атайды және сол затты сипаттайды.

Мысалы:қоянның қолында сәбіз бар,ол көкөніске жатады. т.б.

### **22.«Біреу және көп»**

**Ойынның мақсаты:** Бір және көп заттарды ажырата білуге үйрету.

**Ойынның құрал-жабдықтары:**бір және көп заттар бейнеленген суреттер

**Ойынның мазмұны:**Тәрбиеші бір және бірнеше заттар бейнеленген суреттер береді. Балалар бір зат бейнеленген суреттерді жеке, көп зат бейнеленген суретті жеке топтастырады.

### **23.«Не қайда жатыр?»**

**Ойынның мақсаты:** Баланың ой өрісін кеңейту,ойлау қабілетін дамыту,зейінділігін арттыру.

**Ойынның мазмұны:**Тәрбиеші балаларға кез келген затты айтады. Ойынға қатысқан балалар сол заттың қайда жатқанын анықтап,сипаттайды.

### **24.«Дүкен»**

**Ойынның мақсаты:**Балаларды рөлдерге бөліп ,сол рөл бойынша әрекет жасауға үйрету.

**Ойынның мазмұны:**Бір баланы сатушы етіп,қалған балалар сатып алушы болып ойнайды.

(Мысалы, Сатушы «Келіңіз, сізге не керек?» деген сөздерімен және сатып алушылар «Рахмет» сияқты мейірімді сөздерді қолдана білуге үйрету).

### **25.«Айгүлге серуенге бару үшін не жетіспейді?»**

**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдеріне сай киімдерді ажырата білуге үйрету.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** жыл мезгілдеріне сай киімдердің суреті

**Ойынның мазмұны:** Әр балаға қуыршақтар беріледі. Балалар ол қуыршақтарды жыл мезгілдеріне сай киіндіру керек. Бір балаға қыс мезгіліне сай, ал келесі балаға күз мезгіліне сай және тағы сол сияқты.

### **26.«Сиқырлы қалта»**

**Ойынның мақсаты:** Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету (мысалы: ақырын сөйлеу)

**Ойынның құрал-жабдықтары:** суреттер, доп, шар, қуыршақ

**Ойынның мазмұны:** 5-6 бала қатысады. Тәрбиеші сиқырлы қалтаны ортаға қойып балаларды кезекпен шақырып, сол қалтадағы заттарды алғызады. Балалар алған заттарын сипаттайды.

### **27.«Нені қайда салады?» (қантты – қант салғышқа және т.б.)**

**Ойынның мақсаты:** Ыдыс аяқ түрлерін ажырата білуге үйрету.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** ыдыс аяқтың суреті

**Ойынның мазмұны:** Тәрбиеші ыдыс аяқтың суретін береді. Балалар ол ыдыс аяққа не салатынын айтады мысалы: қантты қант салғышқа және т.б.

### **28.«Кім? Не?» (зат есімдер)**

**Ойынның мақсаты:** Жанды жансыз заттарды айыра білуге үйрету.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** әр-түрлі суреттер

**Ойынның мазмұны:** Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз екенін айтады. Жанды болса кім?, жансыз болса не? Сұрағы қойылады.

### **29.«Кім не істейді?» (етістіктер)**

**Ойынның мақсаты:** Балаларға есімдерді дұрыс атауды үйрету, мамандықтардың атауларын бекіту.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** әр-түрлі мамандықтардың суреттері

**Ойынның мазмұны:** Тәрбиеші балаларға суреттерді қарауды ұсынады. Ол кімдердің суреті, олар қайда кетіп жатқандарын, не жұмыс істейтіндерін айтады. Мысалы: суретте көкөніс сатушысы өзінің дүңгіршігіне кетіп бара жатыр, сатып алушыларға қызмет көрсету үшін.

### **30.«Бұл қай кезде болады?» (үстеу)**

**Ойынның мақсаты:** Балалармен тәулік бөліктерін бекіту (таңертең, күндіз, кеш, түн)

**Ойынның құрал-жабдықтары:** Тәулік бөліктері суреті.

**Ойынның мазмұны:** Тәрбиеші балалармен бірге, тәулік неше бөліктен тұратынын, және тәулік бөліктерін атауды сұрайды.

Тәулік бөліктері бар суреттерді қарап, соған сәйкес келетін суреттерді тауып орналастырады. (таңертең, күндіз, кеш, түн)

### **31.«Қай жерде не бар?»**

**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** Топтағы ойыншықтар.

**Ойынның мазмұны:** Балаларға кеңістік туралы суреттер беріледі. Кеңістік бейнеленген суреттерді қайда не тұрғанын атайды. Мысалы: қуыршақ шкафтың үстінде.

### **32.«Бір сөзбен айт»**

**Ойынның мақсаты:** Заттарды танып бір сөзбен айтуға үйрету.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** Ыдыстардың, ойыншықтардың, жануарлардың суреттері.

**Ойынның мазмұны:** Балаларға әртүрлі суреттер беріледі, сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар.

### 33.«Сөзді айтуға көмектес»

**Ойынның мақсаты:** Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету.

**Ойынның мазмұны:** Тәрбиеші сөздің бірінші буынын айтады, ал балалар сол буынға қатысты сөзді тауып жалғастырады. Мысалы: Қа-қалам, әй-әйнек...

### 34.«Бұл қай кезде болады?»

**Ойынның мақсаты:** жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы түсініктерін арттыру

**Ойынның құрал-жабдықтары:** жыл мезгілдерінің суреттері

**Ойынның мазмұны:** Тәрбиеші балаларға жыл мезгілдерінің және табиғат құбылыстарының суреттерін таратып береді. Содан кейін әр баладан бұл құбылыстар қай кезде болатынын сұрайды. Мысалы: қар жауып жатқан суретті алған бала бұл қыс мезгілінде болады деп жауап береді.

### 35.«Керісінше айт»

**Ойынның мақсаты:** Антоним сөздерді дұрыс айтуға үйрету.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** доп

**Ойынның мазмұны:** Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады да допты лақтырып кез келген сөзді айтады. Балалар сол сөзге керісінше сөзді айтады. Мысалы: ақырын-жылдам, суық-ыстық...

### 36.«Биік (ұзын, үлкен, кең, жуан) не болады?»

**Ойынның мақсаты:** өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** ұзын және қысқа жолақшалар, биік, кең жуан ұғымдарына байланысты суреттер.

**Ойынның мазмұны:** ұзын және қысқа жолақшаланы көрсету. Жолақшаларды таратып беру. Берілген суреттерден немесе топтан биік және аласа, жуан және жіңішке, кең және тар заттарды табу

### 37.«Сипаттамасы бойынша таны»

**Ойынның мақсаты:** Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** жануарлардың, құстардың ойыншығы.

**Ойынның мазмұны:** балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады.

### 38.«Сөзді өзгерт»

**Ойынның мақсаты:** Әріптерді ауыстыру немесе алып тастау арқылы сөздерді өзгертуге үйрету.

**Ойынның мазмұны:** Тәрбиеші балаларға кез келген сөзді айтады мысалы: баға сөзінен (б) әріпін алып тастасақ қандай сөз шығады-аға сөзі шығады, дала-қала т.б.

### 39. «Сөз қос»

**Ойынның мақсаты:** сөзге сөз қосып, сөйлем құрастырту арқылы баланың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** Шар, алма ойыншықтар.

**Ойынның мазмұны:** балаларды екі топқа бөлік өткізуге болады. Тәрбиеші сөз айтады, балалар сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды.

### 40. «Сикырлы суреттер»

**Ойынның мақсаты:** балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту

**Ойынның құрал-жабдықтары:** әр түрлі сурет бөлінділері.

**Ойынның мазмұны:** Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.

## ОЙЛАУ



*Жетісу облысы*

*«Талдықорған қаласының облыстық 2 мектеп-интернаты» КММ*

*Әлеуметтік педагог*

*Бейсебекова Ақмарал Самархановна*

1. Ойлау.

2. Ойлаудың адам дүниетанымындағы маңызы.

3. Ойлаудың сезімдік таныммен және тілмен байланысы.

4. Ойлау процесінің психологиялық және логикалық астарлары.

5. Ұғым. Ой процестері мен ойлау әрекеттері.

**Ойлау** – ми қабығының күрделі формадағы анализдік – синтездік қызметінің нәтижесі, мұнда екінші сигнал (сөйлеу) жүйесінің уақытша нерв байланыстары жектеші рөл атқарады.

**Ұғым** - біртекті бір атаулы заттар мен құбылыстарды түсіндіреді.

**Пікір** – заттар мен құбылыстардың арасындағы байланыстардың бекітілуі (қыс келді-қар жауды).

**Дедукциялық** - жалпыдан жекеге қарай жүретін ой қорытындысы.

**Индукция** - жекеден жалпыға қарай жасалатын ой қорытындысы.

**Аналогия дегеніміз** - ұқсастық бойынша ой қорытындыларын жасау. Т.б. ұғымдар

**Ойлау дегеніміз** – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының мида жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Түйсіктер мен қабылдау ақиқат дүние құбылыстарының жеке қасиеттерін, көбіне ретсіз кездейсоқ түрде бейнелендіреді. Ал ойлау адамға заттар мен құбылыстардың қасиеттері мен олардың өзара қатынастарын салыстырып, ажыратуға олардың сезімдік түрде берілмеген қасиеттерін жаңа қатынастары мен қырларын ашады. Сөйтіп, ойлау сезім мүшелері арқылы алынған мәліметтерді өңдейді. Ойлау процесі естермен де тығыз байланысты. Ойлау проблемасын қарастырған А.А.Смирнов ойлау және интеллектуалдық процестердің ассоциативті ағымын ажырату қажеттілігін атап көрсеткен. Мұның себебі, ойлау іс-әрекетінде біз ассоциацияларды өте кең қолданамыз, олар ойлау есептерін шығаруға елеулі септігін тигізеді. Ойлау шығу тегі мен пайда болуына байланысты келесідей түрлерге жіктеледі:

**1) Көрнекі-әрекеттік ойлау;**

**2) Көрнекі-бейнелік;**

**3) Сөздік-логикалық;**

**Мәселенің түріне байланысты:**

1) Теориялық ойлау;

2) Практикалық ойлау;

**Таным түрі бойынша:** Эмпирикалық және теориялық ойлау.

**Рефлексия немесе саналау деңгейі бойынша:** интуитивтік және рационалдық (аналитикалық немесе логикалық) ойлау;

**Әрекеттің тәсілдері негізінде:** вербалдық және көрнекі;

**Ойлау бағыттылығымен байланысты:** шынайы және аутистік ойлау;

**Ойлау іс-әрекетінің өніміне байланысты:** продуктивті және репродуктивті;

**Ойлаудың функцияларына байланысты:** творчестволық және критикалық ойлау;

**Еріктік күштің жұмсалыуына байланысты:** ырықсыз және ырықты;



## **Ойлаудың негізгі формалары мен қасиеттері**

Ойдың бастапқы формасы болып ұғым есептеледі. Ұғым дегеніміз – заттар мен құбылыстар туралы ой. Ұғымда заттардың жалпы және негізгі қасиеттері бейнеленеді. Ұғымдар жеке және жалпы болып екіге бөлінеді. Жалпы ойлау дегеніміздің өзі – мәселені шешу, оның мәнісін түсіне білу деген сөз. Ойлаудың ең күрделі және жоғарғы формаларының бірі - ой қорытындылары. Ой қорытындылары дегеніміз – бірнеше пікірлерден жаңа пікірлер шығару тәсілі. Қорытынды шығару үшін оны белгілі тәртіпке бір-бірімен байланыстыруымыз қажет. Ой қорытындысының негізгі үш түрі бар: дедукциялық, индукциялық, аналогиялық ой қорытындысы.

**Дедукция дегеніміз** – жалпыдан жекеге қарай жүретін ой қорытындысы. **Индукция дегеніміз** – жекеден жалпыға қарай жасалатын ой қорытындысы. **Аналогия дегеніміз** – ұқсастық бойынша ой қорытындыларын жасау. Мәселен, И.Ньютон бүкіл әлемдік тартылыс заңын тапқанда аналогиялық ой қорытындысына сүйенген. Енді ойлаудың қасиеттеріне келетін болсақ, ол сан алуан болады. Солардың негізгілеріне мыналар жатады:

Ойдың сындылығы – адамның өз және өзге адамның ойларын объективті бағалай алу, барлық жасалатын қағидалар мен тұжырымдарды түпкілікті және жан-жақты тексере алу қабілеті.

Ойлаудың асығыстығы – адам сауалды, мәселені жан-жақты ойластырып алмай, оның бір жағын бөліп алып, асығыс шешім қабылдауға тырысуы, белгілі бір дәрежеде ойластырылмаған жауаптар мен пікірлерді беру.

**Ойлаудың тездігі** – адамның жаңа жағдаятты тез түсіне алып, тез ойлау негізінде дұрыс шешім қабылдай алуында.

**Ойлаудың дербестігі** - адамның жаңа міндеттерді, мәселелерді шығара алуымен және басқа адамдардың көмегінсіз өзі мәселенің дұрыс шешілу жолын табумен сипатталады.

**Ойлаудың икемділігі** – ойлаудың оны шектейтін жатталып қалған, таптаурын шешу тәсілдерінен тәуелсіздік дәрежесін береді. Ойлаудың тереңдігі – күрделі сауалдардың мәніне терең шоғырланып, зерттей алуы.

**Ойлаудың кеңдігі** – адамның, зерттелетін сауалдың маңызды жақтарын түсірмей, тұтас қамтып, талдай алу қабілеті.

## **Ойлаудың психологиялық теориялары**

### **Ойлаудың ассоциативтік теориялары.**

Құрылымдық психологияға сәйкес жеке сезімдік елестер психологиялық тәжірибенің бастапқы элементтері болып табылады. Осындай жеке сезімдік елестер арасында ерекше байланыстар немесе ұқсастық, контрастылық, уақыт пен кеңістікте сәйкес келу сияқты ассоциациялар орнайды. Бұл бағыттағы теорияларға келесі тұжырымдар енді:

#### **1) Г.Мюлердің «диффуздық репродукциялар» теориясы.**

#### **2) Ойлау үйрену ретінде**

Ассоциациялардың төрт негізгі түрі бар: ұқсастық бойынша, контраст бойынша, уақыттық немесе кеңістіктік іргелестік бойынша, қатынас бойынша. Ассоциациялардың заңдылықтары Д.Гартли, Дж.Пристли, Дж.С.Милль, А.Бэн және т.б. еңбектерінде зерттелді.

#### **2) Вюрцбурглық мектеп.**

Вюрцбурглық мектеп – сана психологиясын зерттеген бағыттардың бірі. Бұл мектептің негізін салушылар – О.Кюльпе және К.Бюлер. Вюрцбурглық мектепшен зерттелген негізгі мәселелер: а) ойлаушы субъектінің белсенділігін анықтайтын ұғымдарды шығару; ә) ерекше психологиялық ақиқат ретіндегі ойлаудың қасиеттерін сипаттау және мазмұнын анықтау; б) ойлау процесінің психологиялық механизмдерін түсіндіру.

**Гештальтпсихологтар ойлау жайында.** Гештальтпсихологияның өкілдері – Келер, Коффка, К.Левин. Гештальтпсихологтар ойлаудың құрылымын, шығармашылық астарларын қарастырды. Ізделген шешімді оған қажетті құрылымды табу арқылы шешуді ойлау деп атаған. Гештальтпсихологтар ойлауды формалды-логикалық операциялардан ажыратылатын, мәселе тудыратын жәйтті ескеру арқылы соған қарай танымдық құрылымдарды қайта құру, жаңадан «орталықтандыру» нәтижесінде жүзеге асатын продуктивті психикалық процесс ретінде түсіндірді.

**Психоанализ: Ойлау мотивтенген процесс ретінде.** Адам мінез-құлқының мотивтері ең алғаш психоанализбен қойылып, зерттеледі. З.Фрейд бойынша негізгі мотивтер санасыз сипатта болады және әр түрлі көрініс табады: түс көру, ұмыту, сөзден жаңылу және т.б.

Ойлау деп - мәселені шешудегі толғану процесін айтады. Ойлау дегеніміз- процестуалдық құбылыс және ол адам басында үнемі жұмыс күйінде болып тұрады. Мида үздіксіз болып отыратын ойлану және оның продуктысы ұғымдар мен сөйлемдер бір емес. Егер біз мидағы ойлау процесін микроқұбылыс десек, ал оның продуктысы микроқұбылыс және үнемі текст ретінде кездеседі. Ойлаудың негізгі функциясы жұмбақ мәселелерді шешу. Мәселелердің шешілуі адам басында реттелініп отырады. Әрине, оның қалай ретелінетіні көзге көрінбейді. Ой процесі көзге көрінбегендіктен оның дәл өзін зерттеу мүмкін емес. Сондықтан ойлау туралы зерттеулер, олардың процесс күйін емес, қалайша жүзеге асып, реттелінуі үшін қандай шарттардың қажет екенін тексеруге арналған. Ойлау процесінің жүзеге асу шартына адамның бұрынғы тәжірибесі мен бағыты және ойлануға итермелеуші себебі (мотивтері) жатады. Ойлаудың адам бағытына ықпалы:

Л.Секей осы есепті шығару кезінде сыналушы адамдарына ойынды естіртіп айт дейді де, шымалдықтың арғы жағына магнитофон қойып, оған сынаушылардың аузынан шыққан сөздерді жазып отырады. Адамдар мәселе есепті шығаруға көп уақытын жіберсе де, олардың бірде – бірі де орындай алмайды. Секейдің үміті бойынша, сынаушы адамдар таразының екі табақшасын теңестіру үшін шырақты бөліп салып, кейін бір бөлігін сіріңкемен жағады да, өзге табақшадағы бөлігін жақпас деп ойлайды. Соның нәтижесінде, бастапқы кезде кең тараған таразы табақшаларының бірінің салмағы азайып, теңдігін жоғалтады. Секей сынаушылар мәселені осылай шешер деп күткен.

Шығармашылық ойлау деп- бұрын орындалмаған жаңа міндетті асыру үшін толғануды айтады. Есеп шығару өзінше проблема. Сол проблеманы ситуациялық жағдайдан босату үшін соған байланысты есептің шарты құрылып, оның орындау амалын іздестіріледі. Есеп шығару амалын іздестіру-берілген шарттардан талдаудан басталады. Ізденуші берілген есепті шешу үшін оның шартында қандай нәрсе айқын берілген, нендей нәрсе жасырын берілгенін ажыратады. Сол есепті бұрын ешкім шығармаған болса, онда оның шешу жолы өзінше бір жаңалық. Ал осы жаңалықты қалай табу қажет? Жаңалық деп отырғанымыз- дерексіз нәрсе емес, сол есептің шартында берілген. Дегенмен, шарттардың бәрін еске түсіру қиын болғандықтан, оның жолын табуда кедергілер кездеседі. Міндеттердің сан алуан түрлері болғанымен, психологиялық тұрғыдан алып қарағанда, есеп, парадокске (парадокс-қайран қалу мағынасын білдіреді) және жәй есептерге бөлінеді. Есеп-парадокс дейтіндердің көпшілігі аңғарғыштықты талап етеді.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Ойлау дегеніміз не?
2. Ойлаудың қандай түрлері бар?
3. Дедукция дегеніміз не?
4. Индукция дегеніміз не?
5. Дедукция мен индукцияға мысалдар келтіріңіздер.

**ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ ТУРАЛЫ ШЫҒАРМА**  
(ашық сабақ)




*Шығыс Қазақстан облысы,  
Шемонаиха ауданы  
«Шәкәрім атындағы жалпы білім беретін №4 орта мектебі» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, зерттеуші-педагог  
Тотекина Назигуль Ануарбековна*

Бөлім:	<b>ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТАР ДОСТЫҒЫ</b>
Сынып:5	Қатысушылар саны: 11 Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Халықтар достығы туралы шығарма
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	5.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру 5.2.5.1 берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу
Сабақтың мақсаты	Өткен сабақтарда алған білімдерін еске түсіріп, берілген сұрақтарға дұрыс жауап беру Адасқан әріптер арасынан сабақ тақырыбын дұрыс табу Тыңдалған, оқылған мәтінді түсініп, сұрақтарға жауап беру Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, бір-бірлеріне шынайы ақпарат арқылы мәтінді қорыту Сөйлемдерге мазмұны бойынша көп нүктенің орнына қажетті сөздерді дұрыс қойып жазу М.Мағауин туралы дайын материалдан тақтаға кластер құру

**Сабақтың барысы**

<i>Сабақтың кезеңі/ уақыт</i>	<i>Педагогтің әрекеті</i>	<i>Оқушының әрекеті</i>	<i>Бағалау</i>	<i>Ресурстар</i>
2 мин Сәлемдесу	Оқушылармен, қатысушылармен сәлемдесу	Балалар сабаққа классик әдісі бойынша әр тілде сәлемдесіп кіреді		қадам суреттері музыка
2 мин Топқа бөлу	Сабақта ерініп, жалқауланбас үшін, анти жалқаулық капсулаларын берейін. Сендерге ақыл, сана берсін. 1-Бірлік 2-Ынтымақ 3-Достық	Қолшатырда ілініп тұрған қағаздардан топты таңдап, отырады		«Анти-жалқаулық» қағаз капсулалары 1-Бірлік 2-Ынтымақ 3-Достық жазуы бар кюветка Әр оқушыға кеспе қағаздар

2 мин Үй тапсырмасын тексеру	Балалар, өткен сабақта қандай ән туралы айттық? Ол ән не туралы? Әннің авторы кім? Алғаш қай елде шырқалған?	Өткен сабақта «Атамекен» әні туралы айттық. Ол туған жер, ата-баба мекені туралы Авторы Е.Хасанғалиев Алғаш Швецияның Стокгольм қаласында шырқалған.	Тамаша! Жарайсыңдар!	Компьютер Е.Хасанғалиевтің «Атамекен» әніне бейнебаян
3 мин Жаңа сабақ тақырыбын анықтау	«Кубизм» әдісі  «Мюнстенберг» әдісі бойынша адасқан әріптер арасынан сабақ тақырыбын анықтау	Әр топ мүшелері кезекпен кубтағы берілген сұрақтарға жауап береді	Дұрыс толық жауап 2 балл Дұрыс қысқа жауап 1 балл	Блум кубигі Адасқан әріптер жазылған кеспе қағаздар
1 минут Сабақтың мақсатын анықтау	Ендеше, балалар, сабақ мақсаты қандай болмақ? 	Халықтар достығы туралы білімдерімізді тереңдету Жазушы Мұқтар Мағауин туралы білу Мәтінге сұрақ құрастыра білу	Ауызша мадақтау	
3 мин Жаңа тақырыпты түсіндіру	Бейнеролик көрсету, жазушы туралы қысқаша мағлұмат беру			Интербелсенді тақта
10 мин Оқулықпен жұмыс	90 беттегі мәтінді мәнерлеп оқып беру	Тізбекпен мәтінді оқу Түсінгендерін мазмұндау	Төл дыбыстарды дұрыс, мәнерлеп оқу- 1 балл мазмұндау -2 балл	Ф.Ш.Оразбаева «Қазақ тілі мен әдебиеті» 2 бөлім. 90 бет
7 мин Мәтінмен жұмыс	«Куиз-куиз-трейд»-«сұра-сұра-қағаздарыңмен алмас»-стратегиясы бойынша жұмыс	Кеспе қағаздарға оқушылар сұрақтарын, оған жауаптарын жазады Ортаға шығып, бір-бірімен қосақталған жұмыс жүргізеді	Дұрыс құрастырылған сұрақтар және жауаптар-2 балл	Кеспе қағаздар
5 мин	91 бет 6-тапсырма Көп нүктенің орнына қажетті	Оқулықтағы тапсырманы алдын	Дұрыс құралып,	Ф.Ш.Оразбаева «Қазақ тілі мен

Жазбаша жұмыс	сөздерді қойып жазу	ала ауызша дұрыс құрап, тақтаға, дәптерлеріне жазады	жазылған сөйлем-1 балл	әдебиеті» 2 бөлім. 91 бет
5 мин Қорытынды	Алдын ала дайындалған материал бойынша тақтаға айта отырып, кластер құрастыру	Жеке-жеке кеспе қағаздарды дауыстап оқи отыра мәтін желісі бойынша реттеп тақтаға кластер құрастырады	Мәтіннің ретін сақтап кластер құру-1 балл	Жазушы портреті, кеспе қағаздар
5 мин Кері байланыс	Сабақ аяқталды, алдарындағы жүрекше қағазға сабақтан алған әсерлеріңді жазып, үлкен жүрекке салуларыңды сұраймын. Сабақта белсенді жұмыс жасағандарың үшін сендерге алғысым шексіз! Екінші сабағымыз ары қарай жалғасады.	Сабақтан алған әсерлерін құнды пікір қағазына жазып, жүрекшеге салады	Ауызша мадақтау	«Жүрек» жәшік Кішкентай жүрекше

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРК ДЛЯ РАЗВИТИЯ РЕЧИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЧТЕНИЯ**



*Улытауская область  
город Сатпаев  
КГУ "Общеобразовательная школа №25"  
учитель начальных классов  
Аюбекова Карлыгаш Абулкановна*

Пословицы и поговорки, созданные русским народом, составляют неоценимое богатство русского языка. Знакомство с ними в школе развивает мышление учащихся, прививает любовь к русскому языку, повышает культуру речи, способствует лучшему усвоению грамматики и более глубокому изучению литературы, обогащает учащихся народной мудростью. Вот почему пословицам и поговоркам необходимо уделять внимание на уроках чтения, русского языка и во внеклассной работе.

Опыт показывает, что работу с пословицами следует начинать уже в 1 классе. Лучше всего это сделать, когда ученики уже изучают алфавит, т.е. овладеют письмом. Так, знакомя с буквой Б, учитель обращает внимание детей на поговорку «Береги нос в большой мороз» и велит найти слово с нужной буквой. Ученики читают поговорку, раскрывают её смысл, находят слово с нужной буквой. После этого учитель предлагает детям завести тетради, в которые они будут записывать пословицы и поговорки, и даёт задание: к следующему уроку на первой странице наклеить открытку или картинку с изображением зимы или самим нарисовать, как дети делают снежную бабу или катаются с горы.

Работа с пословицами и поговорками продолжается и во 2 классе. Учащиеся также заводят тетради, в которые они выписывают пословицы и поговорки. Можно ограничиться выбором и использованием тех пословиц и поговорок, которые встречаются в учебниках русского языка и литературного чтения, т.к. их количество там довольно значительно.

В 3-4 классах, продолжая работу с пословицами, можно предложить учащимся завести так называемые тематические альбомы. В них пословицы распределяются по темам, которые заранее намечаются учителем. Количество тем не должно быть больше 5-6 в 3 классе и больше 10 в 4 классе.

Начинать работу с тематическим альбомом следует с беседы на тему, по которой уч-ся должны найти и записать пословицы. Во время беседы вспоминаются уже известные пословицы. Затем названная учителем тема записывается на первой странице альбома. Уч-ся даётся задание : подобрать 1-2 пословицы по этой теме. Найденные учениками пословицы читаются на одном из уроков. Лучшие пословицы записываются в альбомы.

Затем даётся новая тема, по которой также подбираются пословицы. Время от времени, учитывая содержание рассказов, а также характер изучаемого материала по русскому языку, учитель возвращается к уже записанным темам и предлагает ученикам подобрать новые пословицы.

В 4 классе , если уч-ся хорошо справляются с классификацией пословиц по темам, можно сразу назвать все предлагаемые темы. В таком случае уч-ся, найдя пословицы, должны сами определить , к каким из тем они относятся. В качестве примера можно рекомендовать следующие **темы для альбома с пословицами**:

**3 класс** – 1) времена года, 2) явления природы, 3) домашние и дикие животные, 4) книга, письмо, 5) труд, 6) о матери, об отце.

**4 класс** – 1) Родина, Москва, 2) дружба, 3) речь ,слово, 4) знание , невежество, 5) смелость, трусость, 6) о сельском хозяйстве, 7) здоровье, болезнь и т.д.

#### **Сочинение пословиц и поговорок**

Особым видом работы является сочинение пословиц и поговорок. Учащимся 3-4 классов такое задание вполне доступно и весьма полезно. Сочиняя пословицы. Они учатся кратко, сжато выражать свои мысли. Кроме того, эта работа имеет и практическое значение. Удачно созданные изречения следует использовать в школьной или классной газете.

Работая на уроках с пословицами. Следует особое внимание уделять работе над словом, т.к. в начальный период обучения уч-ся наиболее интенсивно развивается и обогащается их словарь. Пословицы для словарной работы дают богатейший материал. Созданные в течение веков, они сохраняют слова, вышедшие в наше время из употребления. Если учитель не обратит внимания на эти слова, не разъяснит их значения, то уч-ся неправильно поймут или не поймут смысла пословицы.

В нач. школе при работе над словарём следует обращать внимание на народное словотворчество. Известно, что дети сами любят создавать новые слова, поэтому они особенно легко и живо воспринимают необычные слова, встречающиеся в пословицах. Задача учителя разъяснить ученикам, что в таких словах заключается особая смысловая ёмкость, образность, что они делают пословицу или поговорку красочной и выразительной. Например: *Лето – припасиха, а зима – подбериха. Знайка бежит, а незнайка лежит. И швец, и жнец, и на дуде игрец.*

Наконец ,работа над пословицами и поговорками на уроках чтения должна быть увязана с работой над орфограммами. Из приведённых учителем или учениками пословиц всегда следует отбирать лучшие и записывать, объясняя написание отдельных слов.

Игры с пословицами

#### **1.Знаешь ли ты пословицы и поговорки?**

##### **1-й вариант**

Играющие делятся на две-три группы. Ведущий называет тему, на которую дети должны вспомнить пословицу. За каждую пословицу засчитывают очко. Выигрывают те, которые набрали больше очков, т.е. назвали больше пословиц и поговорок.

##### **2-й вариант**

Играющие делятся на две группы. Ведущий поочерёдно каждой группе называет слово. Школьники должны вспомнить пословицы, в которых есть это слово.

В1-2 классах эту игру следует упростить. Ведущий называет слово, а группа приводит одну пословицу с этим словом. Затем задаётся слово другой группе.

### **3-й вариант**

Ведущий называет любые три рядом стоящие буквы алфавита (а, б, в) и предлагает назвать пословицы, начинающиеся с этих букв. Например: *Аккуратность человека красит. Белые ручки чужие труды любят. Воля народа сильнее атома и водорода.*

#### **2. Скажи пословицу.**

##### **1-й вариант. Закончи пословицу.**

Играющим раздаются карточки. На каждой написана вторая часть какой-то пословицы. Ведущий читает первую часть пословицы, а у кого вторая часть, тот её и заканчивает.

##### **2-й вариант. Скажи начало пословицы.**

Ведущий говорит конец известной пословицы, а играющие должны сказать её первую часть.

#### **3. Числа в пословицах.**

Ведущий предлагает играющим назвать пословицы и поговорки, в которых встречаются какие-либо числа.

Например: *Все за одного, один за всех. Семь раз примерь. Один раз отрежь. Не узнавай друга в три дня, узнавай в три года. Семеро ворот, да все в огород. В трёх соснах заблудился. За двумя зайцами погонишься – ни одного не поймаешь. Не имей сто рублей, а имей сто друзей. Один в поле не воин. Семеро одного не ждут. Семь бед – один ответ. Один с сошкой, а семеро с ложкой. Семи смертям не бывать, а одной не миновать. Лучшие один раз увидеть, чем сто раз услышать. Смелый умирает один раз, а трус тысячу раз. Одним выстрелом двух зайцев не убьёшь. Ум хорошо, два лучше. Лжецу верят не больше одного раза. Кто после трёх шагов жалеет, что пошёл в гору, тот не поднимется и на маленький холм. Один день заменяет три тому, кто всё умеет делать вовремя. Обещанного три года ждут. Конь на четырёх ногах, да спотыкается. У семи нянек дитя без глаза. Двое пахут, семеро руками машут. Для друга семь вёрст не околица. Один добытый опыт важнее семи мудрых поучений. Расставшийся с другом плачет семь лет, расставшийся с Родиной – всю жизнь. У лодыря все десять пальцев бездельничают. Одного храброго и тысяча трусов не заменит. Одна книга тысячу людей учит. У кого сильны мышцы, тот победит одного, кто силён знаниями – победит тысячи. Мала ласточка, а за тысячи миль летает. Дорог – тысячи, правда – одна. Дорога в тысячу миль начинается с одного шага. И через тысячи преград вода всё равно течёт в море.*

#### **4. Угадай пословицу.**

Играющих должно быть до десяти человек. Один выходит из комнаты. Остальные загадывают какую-нибудь пословицу. Все слова пословицы распределяются между участниками игры. Затем вызывают водящего, который должен отгадать пословицу. Ему дано право спросить у двух или трёх играющих их слова. Если по этим словам водящий угадал пословицу, то назначают другого водящего, и игра продолжается. Если не угадал, то его снова посылают водить.

Постоянная систематическая работа с пословицами очень много даёт уч-ся. Они учатся собирать народные изречения, классифицировать их по темам, анализировать их смысл, понимать их обобщающий характер. Изучение мудрых, образных народных афоризмов обогащает речь уч-ся, повышает их грамотность, способствует воспитанию эстетического вкуса.

Разнообразная и интересная работа с пословицами не только прививает любовь к устному народному творчеству, не только учит внимательно относиться к метким, образным выражениям, интересоваться народной мудростью. Необходимо помнить, что пословицы и поговорки воспитывают у подрастающего поколения чувство патриотизма, любовь к труду, уважение к народу, создавшему эти сокровища, и гордость за него.

## ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!




*Ақмола облысы  
Көкшетау қаласы «№ 6 мектеп-лицейі» КММ  
бастауыш сынып мұғалімі  
Казбекова Гульмира Аманжолкызы*

<b>Пән/Сынып:</b>		Математика 2-сынып			
<b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:</b>		Шамалар және олардың өлшеу бірліктері			
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>		Өзінді тексер!			
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты</b>		2.1.3.3. * * Шамалар мәндерін: ұзындық (см, дм, м)/ масса (кг, ц)/ көлем (сыйымдылық): (л) /уақыт: сағат, минут, тәулік, ай, жыл өлшем бірліктерін салыстыру және амалдар орындай алады, оларды бір-бірінен ажыратады			
<b>Оқу мақсаты:</b>		<p><b>Барлық оқушылар:</b> ұзындық (см, дм, м) және массаның (кг, ц) өлшем бірліктерін салыстырады және амалдар орындай алады.</p> <p><b>Көптеген оқушылар:</b> өлшем бірліктерін салыстыруға мысалдар келтіре алады.</p> <p><b>Кейбір оқушылар:</b> шамаларды өрнектеуге мысалдар келтіріп, түсіндіре алады.</p>			
<b>Сабақтың барысы</b>					
Уақыты	Кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
5мин	Басы	<p><b>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру «Сана, құра»</b>ширату жаттығу</p> <p><b>Сұрақ-жауап арқылы жаңа тақырып жарияланады.</b></p> <p>-Өткен сабақта немен шұғылдандық?</p> <p>-Массаны немен өлшейміз?</p> <p>-Сызғыш не үшін керек?</p> <p>-Ұзындықтың өлшем бірліктерін ата.</p> <p>- Бүгінгі сабағымыздың мақсаты не болады деп ойлайсындар?</p>	<p>Ширату жаттығуларын жасайды.</p> <p>Сандардың қосындысын, айырмасын ауызша табады.</p> <p>Сұраққа жауап береді.</p>	ҚБ «Шапалақтау арқылы»	Оқулық, Слайд, сандар жазылған текше



35 мин	Ортасы	<p><b>Білу</b> <b>(Д) 1- тапсырма «Анықтап көр»</b> әдісі арқылы жүзеге асады. А) Бос орынға сан қой. 1м=100см    1дм5см=15см 1ц=100кг</p> <p><b>Түсіну</b> Ә) Сөйлемдерді аяқта. Дәліздің ұзындығы 5м. Қарындаштың ұзындығы 8см. Сырымның салмағы 36кг. Екі қап картоптың салмағы 1ц.</p> <p><b>Қолдану</b> Б) Құралдар көрсеткен шамаларды анықта. 5см, сағ 5.00, 3кг.</p> <p><b>Сергіту сәті :</b> Clap, clap, clap your hands Clap your hands together! Clap, clap, clap your hands Clap your hands together! Stamp,stamp,stampyour <u>feet</u> Stamp your feet together! Stamp,stamp,stampyour <u>feet</u> Stamp your feet together!</p> <p><b>Талдау</b> <b>(Д) 2- тапсырма «Есептеп шығарып көр»</b> әдісі арқылы жүзеге асады. А) Есепті шығар. Болғаны-1ц Жұмсалды-65кг Қалғаны-? кг 100-65=35кг Жауабы: қалды килограмм</p>	<p><b>Дескриптор:</b> - Бос орынға сан қойып теңестіреді. - Сөйлемдерді аяқтайды. - Құралдар көрсеткен шамаларды анықтайды.</p> <p><b>Саралау тәсілі:</b> <b>«Қарқын»</b> әдісі арқылы жүзеге асады <b>Қарқыны жоғары оқушыға:</b> - Сантиметрді дециметрмен өрнектеуге мысалдар келтір. <b>Қарқыны баяу оқушыларға:</b> уақыт беріледі.</p> <p>Сөйлемдерге сәйкес жаттығулар жасайды</p> <p><b>Дескриптор:</b> - Есептің шешуін, жауабын шығарады. -Өрнектің мәнін табады; -Есептің жауабын жазады</p> <p><b>Дескриптор:</b> -Ұзындық, масса, сыйымдылық</p>	<p><b>ҚБ:</b> «Жұлдызшалар арқылы» <b>ҚБ:</b> «Басбармақ арқылы»</p>	<p>Оқулық, дәптер қалам, жұлдызша фигуралар</p>
-----------	--------	---	---	--	---

		<p><b>Жинақтау</b></p> <p>7дм * 45 с 1дм 9см * 9 см</p> <p>20 кг *2 ц 71ц *3ц</p> <p>8дм *80 см 1м * 60 см</p> <p><b>Бағалау</b></p> <p>Есептеудің дұрыстығын тексер</p> <p>1ц- 25кг=75 ц</p> <p>1м- 2дм=8 дм</p> <p>7дм +1дм 5см=45 см</p>	<p>шамаларын салыстырады</p> <p>-Атаулы сандармен қосу және азайту амалдарын орындайды</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <p>Атаулы сандармен қосу және азайту амалдарын орындайды және дұрыстығын анықтайды</p>	<p><b>ҚБ:</b></p> <p>1-10 балдық жүйе.</p>	<p>Дәптер, қалам, слайд</p>
5 мин	Кері байланыс	<p><b>Кері байланыс:</b></p> <p>«Бағдаршам» әдісі бойынша өтеді.</p> 			

## ***ФИЗИКА ПӘНІ БОЙЫНША ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ***



***Жамбыл облысы, Тараз қаласы  
«М. Мәметова атындағы № 27 орта мектебі» КММ  
физика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші  
Айтжанова Гультан Аширхановна***

Инклюзивті білім беру бүкіл әлем бойынша үлкен маңызға ие болып отыр. Сондықтан да Қазақстанда бұл өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Өйткені елде ерекше қажеттілігі бар балалар саны өсуде. Соған байланысты білім беру жүйесі барлық балаларға балабақшаларда, орта мектептерде, кәсіптік колледждер мен университеттерде оқу мүмкіндігін іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызып отыр.

Кеңейтілген мағынада инклюзивті білім беру дегеніміз – кедергілерді жоюмен ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдарды оқыту процесінде енгізуге бағытталған білім беру процесі және олардың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл тақырыптың өзектілігі - ерекше қажеттілігі бар балалар басқа балалармен тең мүмкіндікте білім алуы. Сондықтан ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін жалпы мектепте инклюзивті білім беру жағдайында оқу үрдісін дұрыс әрі тиімді ұйымдастырылуы қажет. Алайда, білім беру стандарттарына сәйкес болатын көптеген пәндер бойынша дидактикалық материалдар тапшылық етеді.

Физика - бұл әр түрлі тапсырмаларды қолданатын пән. Мұнда тапсырма сөз, графиг, кесте, сурет, сызба, және басқа да формада берілуі мүмкін. Сонымен қатар ХБЖ – не келтіру қажет жағдайындағы формула арқылы берілуі мүмкін. Демек, физика сабақтарында егер қарапайым оқушы жаңа материалды меңгеруде қиындықтарға тап болса, онда ерекше қажеттілігі бар балалар үшін жеке тоқталып кетуіміз қажет.

Жалпы түрде ерекше қажеттілігі бар оқушыларға қиын берілетін физикадан кейбір тапсырмаларды қарастырамын.

Физика математикамен тығыз байланысты болғандықтан, оқушылар математикалық білімнің жеткілікті деңгейіне ие болуы керек. Бұған әр түрлі фигуралы жақшаларды салу, сызбаларды, графиктерді, кестелерді орындау, калькуляторды білу, әр түрлі бөлшектерді жазу, сондай-ақ өлшем бірліктерін ХБЖ жүйесіне аудару жатады. Мұнда бірінші қиындық туындайды. Ерекше қажеттілігі бар оқушылардың математикалық білім деңгейі төмен екені анықталды. Олар суреттерді, сызбаларды, кестелерді нашар орындайды. Оларға кестені салу және оны толтыру қиын. Физиканы оқытуда басынан бастап міндеттерді шешу басталады. Әдетте тапсырмалар жалпы түрде шешіледі, яғни барлығы жалпы формулаға түседі. Мұнда осындай қиындықтар туындайды: бала көбінесе оны жалпы түрде шеше алмайды. Алайда, егер тапсырманы іс-әрекет бойынша жіктесе, яғни алгоритм бойынша орындауға мүмкіндік туғызатын болсақ, оң нәтижеге қол жеткізуге болады.

Физика бойынша материал балаларға таныс емес және түсіну үшін қиын терминдерден тұрады, осы терминдердің түсіндірмесін балаларға түсінікті және таныс сөздермен таңдау қиын. Мысалы, екі таңбалы немесе үш таңбалы сандарды білмейтін оқушылар үшін тапсырмалар мен беттердің көп таңбалы нөмірлері бар оқулықтарды пайдалануға болмайды. Бұл өлшеммен қолданылатын сөздердің жиілігі де байланысты. Егер оқу материалдарында бірнеше төмен жиілікті сөздер болса, онда олардың әрқайсысы заттың мағынасын түсіндіруді, демонстрациялауды талап етеді.

Деректерге сүйенсек ерекше қажеттілігі бар оқушылар үшін есептерді шешу кеңістіктік көріністер мен практикалық дағдыларды дамытуға аз ықпал етеді. Модельдерді қолдану арқылы есептерді шешу сапалырақ болып келеді деп ойлаймын. Сызбаларды, модельдерді қарастыра отырып, анықтама бере отырып, мұғалім оқушыларға осы ұғымдарға жауап беретін заттарды өз айналасынан табуды ұсынуы керек. Мұндай жұмыс білім алушыларды белсендіреді, ойлауға, мұқият және бақылау болуға итермелейді. Оқушылардың кеңістіктік түсініктерін кеңейтуге көмектеседі. Осындай тапсырмаларды шешу барысында жүргізілетін зерттеулер оқушыны деректерді өзгертіп, нысан бойынша барлық жаңа мүсіндерді алуға мәжбүрлейді. Осының барлығы көріністердің мазмұнын байытады, оларды нақтылайды. Сөйтіп оқушының есепті түсінуге байланысты дағдылары дамиды, қалыптасады.

Барлық оқушылар әртүрлі дайындық деңгейіне ие болғандықтан, мұғалім тапсырманы және материалды беру тәсілін қатаң жеке таңдайды. Бірақ мұндай балалармен жұмыс істеудің жалпы принциптері де бар. Бұлар:

✓ көрнекілік (плакаттар, презентациялар, суреттері бар жеке карточкалар, демонстрациялар, т.б.);

- ✓ формулалары, анықтамалары, латын әріптері бар түрлі-түсті карточкалар;
- ✓ жеке үй тапсырмалары (орындауға арналған үлгі болуы керек);
- ✓ қарапайым деңгейдегі тапсырмалардан қысқартылған бақылау және өзіндік жұмыстар;
- ✓ оларды орындау үшін қосымша уақыт беру;
- ✓ оларды үйде немесе дефектолог кабинетінде орындауға рұқсат беру;
- ✓ жіберілген сөздер мен сандармен сөйлемдерді пайдалану;
- ✓ оқушыларды тақтада жазылған тапсырмалардың баспа көшірмелерімен қамтамасыз ету;
- ✓ тапсырманы аяқтау үшін қосымша уақыт беру;
- ✓ үй тапсырмасын тапсыру үшін қосымша уақыт беру
- ✓ көпше таңдау тестілерін, дұрыс/дұрыс емес жауапты пайдалану;
- ✓ материалды баяндаудағы нақтылық;
- ✓ табысқа және жұмсалған күш-жігерге сәйкес бағалаудың жеке шкаласын қолдану;
- ✓ жақсы бағалауларға назар аудару;
- ✓ әрдайым кері байланыс жасап отыру;
- ✓ елеусіз мінез-құлық бұзушылықтарын елемеу.

Метапән технологияларына сүйене отырып, осындай ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу формалары мен әдістерін ойластыру қажет:

- ✓ Параграфты оқып, негізгі сәттерді табуға, оқылған материал бойынша жауап жоспарын құрастыруға, параграфтың сұрақтарына жауап беруге үйрету.

- ✓ Балалардың өзін-өзі бағалауын арттыру үшін озық тапсырмалар беру. Әсіресе материал жеңіл болғанда: параграф оқып, жауап жоспарын құрастырып, сурет салуға болады және осының бәрін өз әңгімелерінде қолдануға болады. Әдетте балалар газетті параграф материалы бойынша сурет салады: мұнда сурет және негізгі сәттер. Тақтаға шыға отырып, дайындалған материалды жақсы айтады, бұл өзін-өзі бағалауды арттырады.

- ✓ «Үлгі бойынша жаса» жеке карточкаларын дайындау. Оқушы карточка алады, онда бір міндет толығымен түсіндірумен шешілген, және оқушына осыған ұқсастырдегі тапсырманы өз бетінше шешу керек, тек мұнда сандар мәнгер өзгеше болады. Осындай шешімдегі табысы- айқын және бұл баланың өзін-өзі бағалауын арттырады.

- ✓ Назар аударуды түзету үшін оқушыларға физикалық шамаларды анықтаумен карточкаларды ұсыну керек, онда негізгі сөздердің бірі қалып қойған. Тапсырма: ұсынылған сөздердің бірін қою керек.

- ✓ Мұндай балалар міндетті түрде топтық жұмысқа тартылады. Топта олар анық жететін көп тапсырма алуы керек. Сонымен қатар, топтық жұмыс бала үшін сынып оқушыларымен жақсы қарым-қатынаста болуға көмектеседі. Неғұлым көп қарым-қатынаста болса, соғұрлым өзіне деген сенімі көбейеді, жауап беруге қысылмайды, әрдайым қолдау алып отырады.

Сабақты ұйымдастыру кезінде оқушының жеке жұмыс қарқыны, оның танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктері, есте сақтау, моторикасы және т. б. ескерілуі қажет.

Ең қиын жұмысты алғашқы 10-25 минутқа жоспарлау қажет. Бұл оқушылардың ең жоғары жұмысқа қабілеттілігіне қол жеткізу уақыты. Осы уақыттан кейін жұмысқа қабілеттіліктің төмендеуі басталады, бұл олардың оқу қызметіне кері әсерін тигізеді. Бүгінгі күнде елдегі мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі білім беру жүйесінің дамуы болып табылады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптеріне сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігі, әр адамның интеллектуалды дамуын, психофизиологиялық және де олардың жеке- дара ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық деңгейлері үшін білімге қолжетімділігі жатады. Білім беру

саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі жатады («Білім туралы» ҚР Заңының, 3-бабының, 1, 2-тармақтары).

Сапалы білімнің барлығы үшін қолжетімді болу шартын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін түрлендіру процестерінің бірі инклюзивті білім беру болып табылады. Инклюзивті білім беру дене бітіміне, психикалық, интеллектуалдық, мәдени, этникалық, тілдік және өзге ерекшеліктеріне қарамастан ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне енгізуді, олардың сапалы білім беруде кедергілерді жоюды және әлеуметтік ортада бейімделуін және ықпалдасуын көздейді.

Осы санаттағы балалардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мәселелері Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» заңдарда, сондай-ақ бірқатар нормативтік құқықтық актілерде көзделген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасындағы «Білім туралы» заңға сәйкес барлық ерекше қажеттілігі бар балалар басқа балалармен тең білім алуға және шығармашылық дамуына құқылы. Шынымен ортаазиялық елдердің арасында Қазақстан Республикасындағы Инклюзивті білім беруге жақсы назар аударып, нәтижелі даму үстінде екендігіне қуануымызға болады. Себебі, инклюзивті білім беру жағдайындағы ерекше қажеттілігі бар оқушылармен жұмыс жасау үлкен жауапкершілікті қажет ететінін байқаймыз. Және осы айтылған деректер ерекше қажеттілігі бар балалармен жасалатын жұмыстың тек кішкене бөлігі ғана. Бұл санаттағы мәселелерді шешу үлкен еңбек пен уақытты талап ететін жұмыстардың бірі екені сөзсіз.

### **Коучинг тақырыбы:**

## **«КАЗІРГІ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ»**



*Жамбыл облысы, Тараз қаласы  
«М.Мәметова атындағы № 27 орта мектебі» КММ  
математика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші  
Есиркепова Салтанат Бейсеновна*

**МАҚСАТЫ:** Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мұғалімдерінің іс-тәжірбиелерімен бөлісу, оқушылардың ХХІ ғасыр талаптарына сәйкес келуі үшін алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана алу аясын кеңейтіп, соған ықпал ету және оларды қабылдауға мүмкіндік жасау. Заман талабына сәйкес жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру.

#### **МІНДЕТТЕРІ:**

1. Осы мәселе бойынша мұғалімдердің білім деңгейін анықтау. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әр түрлі әдіс-тәсілдерді қарастыру.
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін сабақ жоспарына қолданып, нәтижеге жетуге бағыт-бағдар көрсету.

#### **Күтілетін нәтиже:**

Мұғалім – оқушы әлеуметтік өзара әрекеттестігі оқумен қалай байланысты екендігін және осындай қарым –қатынастың мүмкіндіктерін қалай кеңейтуге болатынын түсіну. Мұғалім-оқу үдерісін басқарушы, оқушы-белсенді ізденушіге айналатындай жағдай жасау.

**Мұғалім іс-әрекетінің өнімі:** оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әр түрлі әдіс- тәсілдері бойынша негізгі ұғымдарын сабақ жоспарында қолдана алуды көрсететін сабақ жоспарының үлгісі, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану.

### **Өткізудің әдіс-тәсілі:**

Мәселені шешу мен нәтижеге жетуде әр мұғалімнің белсенді қатысуы негізінде ынтымақтастық орта құру

**Көрнекілік:** лэд экран,мәтіндер,қималар,магниттер,флипчарттар, сандық білім беру ресурстары.

### **Жоспар :**

#### **I. Ұйымдастыру кезең**

1. Топқа бөлу
- 2.Таныстыру
3. Пазыл әдісі арқылы топ аттарын білу

#### **II.Негізгі бөлім**

1. Мәтінмен жұмыс
2. Психологиялық тренинг
3. Сикырлы фигуралар
4. Сандық білім беру платформалар тізімі
5. Топпен жұмыс «Тест»
6. Рефлексия

### **III.Қорытындылау**

#### **Өткізу барысы:**

##### **I.Ұйымдастыру кезеңі**

-Армысыздар,құрметті әріптестер! Өз-өзімізге , бір-бірімізге қошемет көрсетейік! Семинарға қатысушылар, Сіздерге сәттілік тілеймін!

**1.Топқа бөлу.** Әріптестер Коучингмызды бастамас бұрын топ-топқа бөлініп алайық

Әр мұғалім 1-20 сандар арасынан тандайды сол арқылы «**Random**» платформасы арқылы топқа бөліп аламыз.

[https://www.classtools.net/random-name-picker/33\\_m5iRAA](https://www.classtools.net/random-name-picker/33_m5iRAA)


##### **2.Мұғалімдерге психологиялық жайлы ахуал туғызу ,танысу**

Жүздің түсін білгенше ,бірдің атын біл "- дейді дана халқымыз,сондықтан қазір біз «Таңғалдыра таныстыру» тренингін өткіземіз.

Бұл-қатысушылардың бір-бірін ұмытпастай есте сақтауына көмектесетін және оның қызықты мәліметтерді ортаға салу мүмкіндігін ашатын тренинг..Шарты: Әрбір қатысушы өз жайлы үш мәлімет айттады және екеуі шын біреуі жалған болуы керек. Бірақ барлығын шын сияқты айту тиіс. Жалған мәліметті табу керек.

«**Learning Apps**» арқылы бүгінгі тақырыпты ашып , біліп алайық.

**3.Пазыл әдісі.** Пазыл әдісі арқылы топ мүшелері топ аттарын біледі



## II. Негізгі бөлім

### *Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту*

«...білім тек қана жастарға пәнді түсіну қабілеті ғана емес, ол алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуі...»

### *Қай уақытта «функционалды сауаттылық» термині пайда болды*

«Функционалды сауаттылық» термині алғашқы рет 1957жылы пайда болды. ЮНЕСКО –ның құжаттарымен қатар, «сауаттылық» және «минималды сауаттылық» ұғымдары пайда болды.

### *«Сауаттылық» және «минималды сауаттылық» ұғымдары қалай анықталады?*

сауаттылық – бұл оқу, жазу, санау дағдылар және құжаттармен жұмысы.

Минималды сауаттылық – қарапайым ақпаратты оқу және жазу қабілеттері

### *«Функционалды сауаттылық» термині қалай анықталады?*

Функционалды сауаттылық – бұл адамның алған оқу мен жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас арқылы пайдалану қабілеті( банкте есеп счет ашу, ережені оқу, кері байланысқа қатысты сауалнама толтыру және т.б.), яғни бұл сауаттылық деңгейі, адамға сыртқы ортаға қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік береді және тез ортаға ену әрекеті, сонымен бірге осы ортада әрекет етуі болып табылады. Қарым-қатынасқа түсу әрекетінде мәтіннен алған ақпаратты алып, оны басқаларға жеткізу және олармен араласып қарым-қатынасқа ену болады.

### *Функционалды сауаттылықтың қандай формалары бар?*

1. Жалпы сауаттылық.
2. Компьютерлік сауаттылық.
3. Ақпараттық сауаттылық.
4. Коммуникативтік сауаттылық.
5. Шетел тілін білу сауаттылығы.
6. Тұрмыстық сауаттылық.
7. Жедел жағдаяттар кезіндегі сауаттылығы.
8. Саяси-қоғамдық сауаттылық.

### *Функционалды сауаттылықты ерекшеліктері қандай?*

Тұлғаның қасиеттері тұрақты сауаттылығы функционалды сауаттылықтан ерекшелігі ол жағдаяттар кезінде тұлғаның мінезінен қалыптасады.

Функционалды сауаттылық

- 1) Оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру базалық деңгейі болып табылады;
- 2) Тұрмыстық мәселелерді шешуге бағытталған;
- 3) Нақты жағдаяттарда кезінде адамның мінезін пысықтайды;
- 4) стандарттық, стереотиптік есептерді шығару дағдылары;

### *Функционалды сауаттылықтың жоқтығын қалай білеміз?*

Функционалды сауаттылықтың жоқтығын жиі кездесетін кез келген жағдаяттарға түскенде білеміз.

Функционалды сауаттылықтың жоқтығын жағдаяттардың өзгерген кезінде, өмір сүру әрекеті және кәсіби іс-әрекеттер кезінде байқалады. Адамдар көбінесе жаңа технологиялармен қолданысқа алған кезде көреді. Мысалы, кейбір адамдар банкоматтан ақша алу әрекеті, ұялы телефондардың инструкциялары, кейбір қондырғыларды қалай пайдалану керектігін білмейді және т.б.

### *Функционалды сауаттылықпен қандай құзіреттіліктер байланысты?*

1. Әртүрлі технологияларды таңдау және қолдану қабілеті.
2. Мәселелерді көре білу және оны шешу жолдарын іздестіру қабілеті.
3. Өмір бойы оқу қабілеті.

## 1 тапсырма

## Пробел толықтыр

қоғамдық

Компьютерлік

тілін

жағдаяттар

*Функционалды сауаттылықтың қандай формалары бар?*

1. Жалпы сауаттылық.
2.  сауаттылық.
3. Ақпараттық сауаттылық.
4. Коммуникативтік сауаттылық.
5. Шетел  сауаттылығы.
6. Тұрмыстық сауаттылық.
7. Жедел  кезіндегі сауаттылығы.
8. Саяси  сауаттылық.

<https://www.classtools.net/cloze/202302-2i5FQV>

<https://www.classtools.net/cloze/202302-RGDbLk>

**1. Психологиялық тренинг.** Әр топқа психологиялық картиналы шар таратылады, сол суреттерге қарап, суретті сөйлету керек.

### 2 тапсырма

1. Ақ қағазға салынған төртбұрыш ішінде қара нүкте орналасқан.
2. Жарқын шуағын төккен күн астында әр ұлттың балалары қол ұстасып тұрғаны бейнеленген.
3. Түнгі аспан, жымыңдаған жұлдыздар, жарығы сөнбеген бір үй бейнеленген.

Жас мамандардың жұмысын тыңдау.

Өз жауабыммен толықтыру.

1. Ортасында қара нүктесі бар үлкен ақ кеңістік. Бұл бала алғаш дүниеге келгенде осы ақ қағаздай пәк болып келеді, сол қағазға ата-анасымен бірге біздер, яғни ұстаздардың салған бейнесі, яғни берген тәрбиесі мен білімі қаншалықты дұрыс екенін, сол нәтижемен салыстыруға болады.

2. Ұстаз алдындағы барлық бала бірдей. Баланың ұлты басқа болғанмен, бұл балалардың жан дүниесі бірдей, сондықтан ұстаз оларға күннің сәулесіндей, бірдей мөлшерде мейірім шуағын төгеді



3. Түн. Айнала жым-жырт. Аспанда жымыңдаған жұлдыздар. Түгел ел ұйқыда. Бірақ бір ояу кісі бар. Бұл - мұғалім. Ол қанша жыл ұстаз болғанымен, мектепте де, үйде де ертеңгі сабағына жауапкершілікпен дайындалып отыр.

### 2. Сикырлы фигуралар.

#### 3 тапсырма

Топтарға геометриялық фигуралар беріледі «Юла әдісі» арқылы бірігіп салады

- 1-топқа Цилиндр, үшбұрыш, ромб,
- 1-топқа Шеңбер, пирамида, сопақша
- 3-топқа Куб, конус, төртбұрыш



### 3. Платформалар тізімі.

Сіздерге өнімді сабақтар өткізуге, күнделікті тапсырмаларды орындауға уақытты қысқартуға, шығармашылық пен жобалық іс-шараларға мүмкіндіктерді кеңейтуге көмектесу үшін біз сіздің жұмысыңызды қызықты етеді деп үміттенетін сілтемелерді жинадық. Бұл ресурстардың көпшілігі мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарына да пайдалы.:

**1. Word wall** - Осы ресурстың көмегімен әр баланың мүмкіндіктерін ескере отырып, әр түрлі жаттығулар түрлерін, мысалы, баспа немесе интерактивті жаттығулар жасай отырып, дифференциалды және жеке оқытуды ұйымдастыруға болады.

**2.«Learning Apps»** қызметі - бұл әртүрлі режимдердегі оқу – тәрбие процесіне арналған интерактивті тапсырмаларды құрастырушы - "басқатырғыштар", "жұпты табу", "сәйкестіктерді табу", "реттілікті орнату", "дұрыс жауапты таңдаумен Викторина", "Кроссворд" және басқалар. Қолданбалардың негізгі идеясы-студенттер өз білімдерін тартымды ойын түрінде тексеріп, бекіте алады.

**3.Quizzz.com** платформасы онлайн викториналар, тесттер мен сауалнамаларды тегін және қолжетімді жасауға мүмкіндік береді.

**4. Kahoot** - викториналар өткізуге, тесттер жасауға және білім беру ойындарына арналған танымал оқыту платформасы

**5. Geogebra** - бұл геометрия, алгебра, статистика және есептеудің интерактивті қосымшасы, математика мен жаратылыстану ғылымдарын бастауыш мектептен бастап университетке дейін оқуға және оқытуға арналған.

**6. Zipgrade**-тесттер жасауға және оларды тексеруге көмектесетін ресурс. Ол үшін қосымшаны жүктеп, оқушылардың жұмысын сканерлеу керек. Жүйе дұрыс жауаптарды автоматты түрде жасыл түспен, дұрыс емес жауаптарды қызыл түспен белгілейді. Сондай-ақ, ол сабақтар мен жеке оқушылар үшін қалталар жасай алатындай етіп қолданбадағы жұмыстарды сақтайды.

**7. Flippity** -интерактивті жаттығулар мен шағын ойындар жасауға арналған онлайн қызмет.

**8. Socrative** - бұл оқу орындарындағы сабақтарда викториналар, ғарыштық жарыстар өткізуге арналған онлайн-сервис. Қызметтің ерекшеліктері - мобильді құрылғыларға арналған қосымшаларды пайдалану және оқушыларға тіркелудің қажеті жоқ. Мұғалім тіркеліп, сайтқа кіре отырып, қосымшаны пайдаланатын немесе Сайтқа кіретін кез-келген адам қосыла алатын PIN кодын жасайды socrative.com.

**9. PADLET** -виртуалды онлайн сабақ тақтасы, кез келген пәндерде қолдануға болатын қашықтықтан оқыту құралы. Қызметтің ыңғайлылығы-тапсырмаларды нақты уақытта талқылауға болады: студент өз жұмысын тақтаға іліп қойды, ал мұғалім оны бірден көріп, дәптер жинамай немесе құжаттарды компьютерге жүктемей-ақ бағалап, түсініктеме бере алды.

**10. QR код арқылы оқушыларға тапсырма жасау** (QR код-пайдаланушыға шифрланған деректерге жылдам қол жеткізуді қамтамасыз ету тәсілі.)

**11. Telegram Bot құру - матем көмекші бот**

**12. Google Forms "** - бұл Google-дің онлайн-құралы, оның көмегімен сауалнамалар жасауға, дауыс беруге, пікірлер мен пайдаланушылар туралы ақпарат жинауға болады.

**13. Chrome remote desktop**-қашықтықтан бақылау мен басқару

**4 тапсырма**

**Топпен жұмыс «Тест» <https://api.socrative.com/rc/FpbUNV> платформасы арқылы**

**1.** Суретте өрнегі бар кафель плиткасының үлгісі берілген. Келесі оюлардың қайсысын 1-суретте бейнеленген үлгідегідей 4 плиткадан қосып жасауға болмайды?




Рисунок 1

Жауабы: D

2. Суретте күн сәулесі түсіп тұрған 3 бірдей спиртті термометр кескінделген. Қай термометрдің көрсеткіші бірінші болып өзгереді?




A) 1 – термометр B) 2 – термометр C) 3 – термометр D) Үшеуінде бірдей

3. Оливия – MP3 плеер, құлаққаптар және колонкалардың бағаларын калькуляторға қоса отырып енгізді. Ол 248 деген жауап алды. Оливияның жауабы дұрыс емес. Ол төмендегі қателердің бірін жіберді. Ол жіберген қате қайсысы?

- A) Ол бағалардың бірін екі қайтара енгізді
- B) Ол үшін бағаның бірін қосуды ұмытты
- C) Ол бағалардың бірінің соңғы бір санын енгізбей қойды
- D) Ол бағалардың бірін қосудың орнына азайтты

4. Суретте шатыры пирамида пішіндес тұрғын үй бейнеленген. Төменде оқушылар жасаған тұрғын үй шатырының моделі және кейбір кескіндердің ұзындығы көрсетілген. Бұл модельде шатырдың етегі – ABCD квадрат. Шатыр арқалықтары тікбұрышты параллелепипед EFGHKL MN тәрізді, бетон блогының қабырғаларына бекітілген. E - AT қабырғасының орта қыры, F-BT қабырғасының ортасы, G - CT қабырғасының ортасы, H - DT қабырғасының ортасы. Пирамиданың барлық қырлары 12 м тең.



Бетон блогының көлденең қабырғасы EF-кесіндісінің ұзындығын табындар.

- A) 8м B) 4м C) 6м D) 10м

5. Суретке қарап атмосфераны оттекке байыту үшін қандай ағаштарды егу қажет?

- A) қарағайлы орман көп оттек шығарады
- B) емен орманы және қарағайлы орман
- C) қарағайлы орман
- D) емен орманы көп оттек шығарады, бірақ емендер өте баяу өседі, сондықтанда қайындарды егу дұрыс

### 5.Рефлексия. Кері байланыс.

Бүгінгі коучингті қорытындылауды "Екі жұлдыз – бір тілек" стратегиясы бойынша орындаймыз (қатысушылар екі оң сәтті атайды және одан әрі жақсартуға 1 ұсыныс береді).

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ**



**Жамбыл облысы**  
**Қордай ауданы Сарыбұлақ ауылы**  
**«Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектебі» КММ**  
**қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі**  
**Боранбаева Майра Фасонбаевна**

Жаңартылған бағдарлама - білім берудің жаңа мазмұны. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік жаңа ұлттық үлгісі қалыптасуда.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – оқушыларды қарапайым болса да өз ойларын еркін жеткізіп қана қоймай, өзара тіл табысып, пікір алысуға үйрету, мектеп білімінің негізгі мақсаты оқушының сөйлеу қабілетін жетілдіру болып табылады. Сондықтан баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс істеуі қажет.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жаңарулар, ақпараттар ағыны, бәсекелестіктің артуы сияқты жағдайлар білім беру мәселесінің алдына жаңа міндеттер қояда. Жаңа бағдарлама құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу тәрізді құндылықтарға негізделген. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап – жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып сапалы білім беру. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен ізденуі оқу үдерісіне қойылатын басты талаптардың бірі болып табылады.

Осы талаптарды орындауда қазақ тілін оқытып-үйрету көптеген ізденістерді, оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін пайдалануды қажет етеді. Осыған орай қазақ тілін оқыту белсенді әдістерді қолданумен байланысты болып отыр. Белсенді оқыту дегеніміз – баланы ойландыра отырып ойлауға бағыттау. Белсенді әдістерді қолдану өзара түсіністікті, өзара әрекеттестікті, өзара байыптауды қамтамасыз етіп, сабақ барысында материалды жақсы меңгеруге көмегін тигізеді, ең маңыздысы пікірді, қарым-қатынастарды, мінез-құлық машығын қалыптастырады. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімдерді баяндауын, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, оқушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытуда белсенді әдістерді қолдану өте маңызды. Соның ішінде сөздік қорын қалыптастыру, байыту мақсатында мына белсенді әдістерді қолдануға болады.

### **Оқу мақсатына жету үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер**

1. Өтілетін тақырыпты болжауда: « Сурет галереясына саяхат», « Стоп КАДР» әдістері тиімдірек болып келеді.
2. « Суреттер: не болды?» әдісі арқылы оқушының зейінін шоғырландыру.
3. Тыңдалым алды: «Ашық микрофон» әдісі. Бұл әдіс білім алушылардың алдыңғы білімімен жаңа білімді ұштастыруда тиімді болады.
4. Жазылым алды: Т.Ж. «Кластер» белсенді әдісі.
5. Тақырып бойынша алдыңғы білімді қайталау үшін: « Ішкі және сыртқы шеңбер» әдісі өте тиімді болып келеді.

6. «Пікірлер базары» белсенді әдісі арқылы «Кейіпкердің» іс-әрекетіне баға беріп, болжап, әңгіме құрастырады.

7. «БББ» - таныс әдіс. Жаңа тақырып бастар алдында үш бағаннан тұратын кесте таратылады. Олар нені біледі? Олар нені білгісі келеді? Олар нені білді?

8. Жаңа тақырыпты меңгертуде келесі әдістерді жүйелі қолдануға болады: «Бабл–габл», «Зуылдақ», «Ақпаратты сүзу» - оқушылар өз ойларын бір мезетте мұғалім тоқтатқанша айта береді.

«Ойлан, жұптас, бөліс», « ДЖИГСО» әдістері оқушыларға ойларын жинақтауға, жұпта бөлісуге, топқа шығып сөйлеуге көмектеседі.

9. Сабақты қорытындылау мақсатында «Автор орындығы», «Қалпақ кигізу», «РАПТ» белсенді әдістерін қолданған тиімді.

9. « Конверттегі сұрақ» әдісі арқылы оқушылардың оқуы бойынша білімдері тексеріледі.

10. Рефлексияда жиі қолданылатын әдістер : «Екі жұлдыз, бір тілек», «Стикерлі алма», «Алақан», «Плюс – минус –қызығамын» кестесі бойынша кері байланыс жасайды.

### Белсенді оқу әдістері

Оқу түрлері:	Оқу әдістері:	Оқыту стратегиялары:
жұптық	бейнефильм бойынша	«Блоб» ағашы
ұжымдық	ой бөліседі	«Ой қозғау»
жеке	«Шапалақ»	«ББҮ»
топтық	«Ашық микрофон»	«Мағынаны тап»
●	●	●
Ынтымақтастық орта құруға үйренеді.	Ойын ашық білдіруге дағдыланады.	Тұжырымдайды. Ойлау қабілеті дамиды.

Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне ояту жатыр. Онсыз білімді игеруде жылжушылық болмайды. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына оқушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл – ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етеді.

Қорыта айтқанда, оқытудың белсенді әдістері – оқушының іс - әрекеті өнімді, шығармашылық ойлаудың, ізденіс сипат таситын оқыту әдістері, оқушының танымдық іс-әрекетін ынталандырушы және қандай да болсын мәселенің шешу жолдары жөнінде еркін пікір алмасуды көздейтін диалогқа құрылған әдістер.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Оралбаева, Қ.Жақсылықова. «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі».

2. С.Қазбаева, С.Рахметова. «Қазақ тілі оқыту методикасы» Алматы.

3. Ж.Қалиева. Орыс тілді мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды жетілдірудің өзекті мәселелері.

## «БАУЫРСАҚ» ЕРТЕГІСІ.



Алматы облысы  
Іле ауданы, Боралдай кенті,  
ЖШС «Родничок» балабақшасы  
тәрбиешісі  
Садыкова Кенжегуль Калтаевна

**Ұйымдастырылған іс-әрекет**

**Білім беру саласы:** «Қатынас», «Шығармашылық»

**Бөлімі :** «Көркем әдебиет», «Мүсіндеу»

**Өтпелі тақырыбы:** «Ас атасы-нан!»

**Мақсаты:** Ертегі мазмұнын түсініп, жүйелі әңгімелей білуге дағдыландыру.

